

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ**

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

*2023 жылға арналған  
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*



## МАЗМҰНЫ

Басшылықтың 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп .....	1
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	3
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....	4

### ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызмет сипаттамасы.....	5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері .....	7
3. Есеп саясатының негізгі ережелері .....	8
4. Маңызды есеп пайымдаулары мен бағалаулары.....	24
5. Комиссиялық кірістер.....	25
6. Пайыздық кірістер .....	26
7. Операциялық шығыстар .....	26
8. Салық салу.....	27
9. Бір акцияға түскен пайда.....	28
10. Ақшалай қаражат және оның баламалары.....	28
11. Кредиттік ұйымдардағы қаражат және «кері репо» операциялары.....	29
12. Орталық контрагенттің қаржылық активтері мен міндеттемелері.....	29
13. Инвестициялық бағалы қағаздар .....	30
14. Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар.....	30
15. Қауымдастырылған компанияға инвестициялар.....	31
16. Негізгі құралдар .....	32
17. Материалдық емес активтер .....	33
18. Пайдалану құқығы түріндегі активтер .....	34
19. Берілген аванстар.....	34
20. Басқа активтер мен міндеттемелер.....	34
21. Клирингтік қатысушылардың қаражаты .....	34
22. Жалға алу бойынша міндеттемелер.....	35
23. Жарғылық капитал .....	35
24. Келісімдік және шартты міндеттемелер .....	36
25. Тәуекелдерді басқару саясаты .....	37
26. Әділ құнды бағалау.....	43
27. Қаржы құралдарын өзара есепке алу .....	46
28. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін талдау.....	47
29. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар.....	48
30. Есептік күннен кейін болған оқиғалар.....	49

**Басшылықтың 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі**

Ұсынылған аудиторлық қорытындыда қамтылған аудиторлар міндеттемелерінің сипаттамасымен бірге қарастырылуға тиісті төмендегі мәлімдеме «Қазақстан қор биржасы» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты басшылықтың<sup>1</sup> және аудиторлардың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалған.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа, Компания) басшылығы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес 2023 жылғы 31 желтоқсан күнінің соңындағы жағдай бойынша оның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қозғалысын және меншік капиталының өзгеруін дұрыс бейнелейтін шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға жауапкершілік алады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы мыналарға жауапты болады:


- есеп саясаты қағидаттарының дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз ету;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді, осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін түрде ұсыну;
- Топтың қаржылық жағдайына немесе қаржылық нәтижелеріне сол немесе басқа мәмілелердің, сондай-ақ басқа да оқиғалардың немесе жағдайлардың тигізген ықпалын ақпарат пайдаланушыларына түсінуге ХҚЕС талаптарын орындау жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- Топтың жақын болашақта қызметін жалғастыру қабілеттілігін бағалау.

Топ басшылығы сондай-ақ мыналарға жауапты болады:

- Топта сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу мен қамтамасыз ету;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін түрде есепті жүргізу, сондай-ақ кез келген күні Топтың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпаратты ұсыну және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды ықтимал шараларын қолдану;
- қаржылық және басқа да теріс пайдалануларды анықтау және болдырмау.

Топ басшылығы 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2024 жылдың 26 сәуірінде бекітті.

**Басшылық атынан**

  
А.Ө. Алдамберген  
Басқарма Төрағасы

26 сәуір 2024 жыл

Алматы, Қазақстан

  
С.У. Ақымбекова  
Бас бухгалтері

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабы 4-тармағының 2-абзацын ескере отырып, мұнда басшылық деп «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасы түсініледі.



Тел.: +7 727 331 31 34  
Факс: +7 727 331 31 35  
info@bdoqz.com  
www.bdoqz.com

ТОО "BDO Qazaqstan"  
ул. Габдуллина, 6  
Алматы, Қазақстан  
A15H4E3

Tel: +7 727 331 31 34  
Fax: +7 727 331 31 35  
info@bdoqz.com  
www.bdoqz.com

BDO Qazaqstan LLP  
6 Gabdullin Street  
Almaty, Kazakhstan  
A15H4E3

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

### «Қазақстан қор биржасы» АҚ акционерлері мен Директорлар кеңесіне

#### Аудит нәтижелері бойынша қорытынды

##### Пікір

Біз қоса беріліп отырған 2023 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептіліктен, жиынтық кіріс туралы есептен, капиталындағы өзгерістер туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша құралдарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ, есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша сипаттамадан және өзге де түсіндірмелі ескертулерден тұратын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - Компания) қаржылық есептілік аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс ұсынады.

##### Пікір білдіру үшін негіздеме

Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Біздің осы стандарттарға сәйкес міндеттеріміз қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудитін жүргізуге жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне (БЭХСК кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есептілік аудитін жүргізуге қолданылатын этика талаптарына сәйкес біз Компанияға тәуелді емеспіз және осы талаптар мен Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес біз өзге де этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікір білдіруіміз үшін негіздеме болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

##### Басқа да ақпарат

Басшылық басқа да ақпарат үшін жауапты болып табылады. Басқа да ақпаратқа жылдық есепте бар ақпарат кіреді, бірақ қаржылық есептілігі мен оған біздің аудиторлық есебіміз кірмейді. Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлық есеп берілген күннен кейін ұсынылады. Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілігі туралы пікіріміз басқа ақпаратқа тарамайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізуімізбен байланысты біздің міндетіміз басқа ақпаратпен танысу және осымен қатар басқа ақпарат пен қаржылық есептілік немесе аудит барысында біз алған біліміміздің арасында маңызды сәйкессіздік бар ма және басқа да ақпаратта өзге де мүмкін айтарлықтай бұрмалаушылықтар бар ма деген сұрақты қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз ондағы басқа ақпараттың айтарлықтай бұрмаланғаны туралы қорытындыға келсек, біз бұл туралы корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларды хабардар етуге міндеттіміз.

## **Басшылықтың және корпоративтік басқаруға, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі**

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындау және дұрыс ұсынуға, сондай-ақ басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болған немесе оның тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге дұрыс баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметінің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті құрастыруға жауапты болады.

Корпоративті басқаруға жауап беретін тұлғалар Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты болады.

## **Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуге аудитордың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан қаржылық есептіліктің мазмұнында және біздің пікіріміз қамтылатын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалаулар жоқ екеніне орынды сенімділікке қол жеткізуден тұрады. Орынды сенімділік дегеніміз сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ, Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаулар болған жағдайда, әрқашан оларды анықтаудың кепілі болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан болуы мүмкін және олар осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне жеке-жеке немесе жиынтық түрінде әсер етуі мүмкін екенін негізді түрде болжауға болса, маңызды болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз бүкіл аудит бойында кәсіби пайымды қолданамыз және кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Оның үстіне, біз келесіні орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қарсы аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болып қызмет ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз.
- Жосықсыз әрекеттер нәтижесіндегі елеулі бұрмалауларды анықтамау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі елеулі бұрмалауларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені, жосықсыз әрекеттер келісім, жалғандық, қасақана қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ, Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудит үшін мәні бар ішкі бақылау жүйесі ұғымын аламыз;
  - қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашып көрсетілуін бағалаймыз;
  - қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды басшылықтың қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күмәндану пайда болуы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз маңызды белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті ашып көрсетуге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашып көрсету тиісті емес болып табылса, пікірімізді өзгертуіміз тиіс. Біздің тұжырымдар аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, алдағы оқиғалар мен жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
  - ақпаратты ашып көрсетуді қоса алғанда, жалпы қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуға, сондай-ақ қаржылық есептілік өзінің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз етерліктей ұсынады ма, соған бағалау жүргіземіз.

- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін. ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Біз Топ аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен, олардың назарына өзге ақпараттардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудиттің нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде аудит үдерісінде өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

**Аудитор**

**Р.К. Таипова**

**Қазақстан Республикасының білікті  
аудиторы**

Қазақстан Республикасының  
аудиторларына үміткерлерді аттестаттау  
жөніндегі аудиторлар палатасы  
Біліктілік комиссиясының  
2000 жылғы 18 ақпанда берген  
№ҚМ-0000497 аудитордың біліктілік куәлігі

**«BDO Qazaqstan» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Қаржылық бақылау комитетінің 2021 жылғы 19  
наурызда берген № 21012748 мемлекеттік  
лицензиясы

**Р. Рахимбаев**

**«BDO Qazaqstan» ЖШС директоры**

**26 сәуір 2024 жыл**



**ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған***(мың қазақстандық теңгемен)*

	<i>Еск.</i>	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Комиссиялық кірістер	5	8.124.582	5.716.490
Пайыздық кірістер	6	19.227.800	6.432.441
Кредиттік залалдарға жұмсалған шығыстар		65.570	(282.754)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда/(залал)		(35.797)	22.469
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын инвестициялардан кіріс		(17.794)	34.546
Басқа кірістер		16.948	19.474
<b>Операциялық кірістер</b>		<b>27.381.309</b>	<b>11.942.666</b>
Операциялық шығыстар	7	(6.059.908)	(3.989.493)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда</b>		<b>21.321.401</b>	<b>7.953.173</b>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	8	(2.803.136)	(1.134.019)
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>18.518.265</b>	<b>6.819.154</b>
<b>Басқа жиынтық табыс</b>			
<i>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жатпайтын басқа жиынтық табыс</i>			
Салықты шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалау	16	80.844	101.698
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын үлестік құралдар бойынша залал			
Басқа жиынтық табыстың компоненттеріне жататын корпоративтік табыс салығы			
<b>Салықтарды шегергендегі жылдағы басқа жиынтық табыс</b>		<b>80.844</b>	<b>101.698</b>
<b>Жыл ішіндегі жиынтық табыс</b>		<b>18.599.109</b>	<b>6.920.852</b>
<b>Бір акцияға шаққандағы пайда</b>			
Базалық және бөлінген (теңгемен)	9	17.722,59	6.342,04

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойған және шығаруға бекіткен:



А.Ө. Алдамберген  
Басқарма Төрағасы

26 сәуір 2024 жыл

Алматы, Қазақстан




С.У. Ақымбекова  
Бас бухгалтері

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған***(мың қазақстандық теңгемен)*

	Еск.	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Активтер</b>			
Ақшалай қаражат және оның баламалары	10	185.644.933	267.855.303
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	11	-	161.927
«Кері РЕПО» операциялары	11	72.029.012	35.551.435
Орталық контрагенттің қаржылық активтері	12	2.877.636.749	11.769.454.576
Инвестициялық бағалы қағаздар	13	66.708.762	31.889.236
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құныммен бааланатын үлестік бағалы қағаздар	14	21.053	21.053
Қауымдастырылған компанияға салынған инвестициялар	15	107.289	125.083
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер		447.709	117.314
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	8	1.299	968
Негізгі құралдар	16	2.540.103	1.738.803
Материалдық емес активтер	17	1.638.342	1.616.142
Пайдалану құқығы түріндегі активтер	18	150.890	-
Берілген аванстар	19	434.823	362.007
Басқа активтер	20	1.055.336	815.259
<b>Активтер жиыны</b>		<b>3.208.416.300</b>	<b>12.109.709.106</b>
<b>Міндеттемелер</b>			
Клирингтік қатысушылардың қаражаты	21	284.189.412	312.809.343
Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері	12	2.877.636.749	11.769.454.576
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		213.313	15.161
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	8	365.726	345.302
Алынған аванстар	22	177.610	-
Басқа міндеттемелер		110.840	90.876
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	20	<b>488.327</b>	<b>359.034</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>3.163.181.977</b>	<b>12.083.074.292</b>
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	23	4.189.030	4.189.030
Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	23	246.700	183.658
Резервтер қоры	23	3.878.000	3.170.000
Бөлінбеген пайда		36.920.593	19.092.126
<b>Капитал жиыны</b>		<b>45.234.323</b>	<b>26.634.814</b>
<b>Міндеттеме мен капитал жиыны</b>		<b>3.208.416.300</b>	<b>12.109.709.106</b>

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойған және шығаруға бекіткен:



А.Ө. Алдамбергін  
Басқарма Төрағасы

26 сәуір 2024 жыл

Алматы, Қазақстан



С.У. Ақымбекова  
Бас бухгалтері



## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған

(мың қазақстандық теңгемен)



Еск.	Жарғылық капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Резервтер қоры	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2022 жылғы 1 қаңтар	4.189.030	90.986	3.170.000	12.263.946	19.713.962
Бір жылдағы пайда	-	-	-	6.819.154	6.819.154
Бір жылдағы жиынтық табыс жиыны	-	-	-	6.819.154	6.819.154
Негізгі құралдарды қайта бағалау	-	101.698	-	-	101.698
Қайта бағалау резервін амортизациялау	21	(9.026)	-	9.026	-
2022 жылғы 31 желтоқсан	4.189.030	183.658	3.170.000	19.092.126	26.634.814
Бір жылдағы пайда	-	-	-	18.518.265	18.518.265
Бір жылдағы жиынтық табыс жиыны	-	-	-	18.518.265	18.518.265
Резервтік қордың ұлғаюы	-	-	708.000	(708.000)	-
Негізгі құралдарды қайта бағалау	-	80.844	-	-	80.844
Қайта бағалау резервін амортизациялау	-	(17.802)	-	17.802	-
Өткен кезеңдердің түзетулері	-	-	-	400	400
2023 жылғы 31 желтоқсан	4.189.030	246.700	3.878.000	36.920.593	45.234.323


«Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойған және шығаруға бекіткен:

  
А.Ө. Алдамберген  
Басқарма Төрағасы

26 сәуір 2024 жыл

Алматы, Қазақстан



  
С.У. Ақыбекова  
Бас бухгалтері

## АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған

(мың қазақстандық теңгемен)



	Еск.	2023 жыл	2022 жыл
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		21.321.401	7.953.173
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстырып тексеру үшін түзетулер:</b>			
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар		(65.570)	282.754
Дивидендтер бойынша түскен кірістер		(36)	-
Есептелген пайыздық кірістер		(19.227.800)	(6.432.441)
Қаржылық жалдау бойынша амортизация		60.021	-
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді амортизациялау	7	561.763	421.995
Қауымдастырылған компанияға қатысудан түскен табыс		17.794	(34.546)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер</b>			
<i>Операциялық активтердің таза азаюы/(ұлғаюы)</i>			
«Кері РЕПО» операциялары		(36.467.982)	31.337.166
Кредиттік ұымдардағы қаражат		161.928	(161.927)
Берілген аванстар		(89.858)	212.646
Баска активтер		(241.643)	(369.424)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза ұлғаюы/(азаюы)</i>			
Клирингтік қатысушылардың қаражаты		(28.619.931)	190.422.317
Алынған аванстар		22.189	39.670
Баска міндеттемелер		328.636	169.156
Алынған пайыздар		2.223.794	665.513
Төленген корпоративтік табыс салығы		(25.244)	-
<b>Операциялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза түсуі/(жұмсалуды)</b>		<b>(2.945.859)</b>	<b>(1.038.243)</b>
<i>Операциялық міндеттемелердің таза ұлғаюы/(азаюы)</i>		<b>(62.986.397)</b>	<b>223.467.809</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу	16	(967.335)	(376.189)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		6.892	-
Материалдық емес активтерді сатып алу	17	(191.391)	(214.339)
Материалдық емес активтердің құрамына капиталдандырылатын шығындар		(121.907)	(82.880)
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімді шегергенде инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(12.229.596)	(23.347.673)
Алынған дивидендтер		36	-
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза жұмсалуды</b>		<b>(13.503.301)</b>	<b>(24.021.081)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(40.033)	-
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза түсімі</b>		<b>(40.033)</b>	<b>-</b>
Алмастыру бағамдары өзгерістерінің ақшалай қаражатқа және оның баламаларына әсер етуі		(5.791.892)	4.238.959
Күтілетін кредиттік залалдардың ақшалай қаражатқа және оның баламаларына әсер етуі	10	111.253	(283.146)
<b>Ақшалай қаражаттың және оның баламаларының таза өзгеруі</b>		<b>(82.210.370)</b>	<b>203.402.541</b>
Жыл басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары		267.855.303	64.452.762
<b>Жыл соңындағы ақшалай қаражат және оның баламалары</b>	10	<b>185.644.933</b>	<b>267.855.303</b>


Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасының атынан қол қойған және шығаруға бекіткен:



А.Ө. Алдамберген  
Басқарма Төрағасы

26 сәуір 2024 жыл

Алматы, Қазақстан



С.У. Ақыбекова  
Бас бухгалтері

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 1. Қызмет сипаттамасы

«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания, Биржа) 1993 жылы 17 қарашада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған.

Қазіргі таңда Компания Алматы қ. Әділет департаменті Бостандық ауданы Әділет басқармасының 2004 жылғы 7 қаңтарда берген № 1952-1910-01-АҚ заңды тұлға қайта тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекет етеді.

Бағалы қағаздар нарығындағы Компанияның қызметі мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетінің Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1 лицензияның. Лицензия бағалы қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық береді:
  - бағалы қағаздарды және басқа қаржы құралдарын саудалауды ұйымдастыру жөніндегі қызмет;
  - бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызмет;
- 2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ұлттық және шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге берген 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 4.3.8 лицензияның. Лицензия келесі банк операцияларын жүргізуге құқық береді:
  - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
  - аудару операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен акша аудару бойынша тапсырмаларын орындау;
  - заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
  - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастырудан басқа, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15Е2У0, Алматы қ., Байзақов к-сі, 280, «Almaty Towers» көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-кабат.

Биржаның негізгі қызметі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар және басқа қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру.

Биржаның ілеспе қызмет түрлері – қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызмет, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет, ақпарат беру және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметтер.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрқайсысына Компанияның орналастырылған акцияларының жалпы санының 5% астам құратын мөлшердегі жай акциялары тиесілі акционерлер келесі түрде көрсетілген:

	2023 жылғы 31 желтоқсан, %	2022 жылғы 31 желтоқсан, %
<b>Акционерлер</b>		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ	46.99	46.99
«Московская Биржа ММВБ-РТС» жария акционерлік қоғамы	13.10	13.10
«Коммекс-Өмір» сақтандыру компаниясы» АҚ	7.64	7.64
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	6.79	6.79
Шуатаева Роза Шарипбаевна	5.02	5.02
Басқалары (жеке-жеке 5%-дан төмен иеленетіндер)	20.46	20.46
<b>Жиыны</b>	<b>100.00</b>	<b>100.00</b>

Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңының (бұдан әрі – «Заң») 84-бабы 2-тармағына сәйкес, акционер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын жағдайды қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының әрбір акционерінің өзінің үлестес тұлғаларымен бірлескен үлесі орналастырылған акциялардың жалпы санынан 20% аспауға тиіс.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**1. Қызмет сипаттамасы (жалғасы)**

2022 жылғы 31 желтоқсанда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) Қоғамның капиталында қомақты үлесі бар акционер болып табылады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және келесі еншілес ұйымның (бұдан әрі – «Топ») қаржылық есептілігін қамтиды:

Атауы	Қызметін жүргізетін ел	Қызмет түрі	Иелену/дауыстар үлесі, %	
			2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
«KASE Клирингтік орталығы» АҚ	Қазақстан Республикасы	Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, көрсетілетін қаржылық қызмет саласындағы өзге де қосалқы қызмет	100	100

2022 жылғы 21 маусымда «eTrade.kz» ЖШС акционерлік қоғамға ұйымдастыру (қайта құру) жолымен құрылған «KASE Клиринг орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) тіркелді. 2022 жылғы 19 қазанда Қоғамның акцияларын шығару аңдатпасы мемлекеттік тіркеуден өтті. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Биржа Қоғамның 1 акциясының номиналды құны 3 252 210 теңге болатын 55 жай акциясын төледі. 2023 жылы Биржа Компанияның 1 акциясының номиналды құны 3 252 210 теңгені құрайтын 476 жай акциясын төледі. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «KASE клиринг орталығы» АҚ-ның 531 акциясын (жай акцияларының 100%) иеленеді.

«KASE клиринг орталығы» АҚ 2022–2024 жылдарға арналған Биржалық даму стратегиясына сәйкес орталық контрагент институтын негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту мақсатында құрылды. Биржа мен Қоғам арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес 2023 жылдың қыркүйегінен бастап «KASE Клиринг орталығы» АҚ клиринг, есеп айырысуларды жүзеге асырады және жеке биржа нарықтарында жекелеген қаржы құралдарымен операциялар бойынша орталық контрагент ретінде функцияларды жүзеге асырады (бүгінгі күні аталған функцияларды қоғам қор нарығында жүзеге асырады). Бұл жобаның мақсаты нарыққа қатысушылардың тәуекелдерін азайту, кросс-маржинг және неттинг арқылы қатысушылардың транзакциялық шығындарын азайту болып табылады.

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қауымдастырылған компания туралы ақпарат берілген:

Атауы	Қызметті жүргізу елі	Қызмет түрі	2023 жылғы 31 желтоқсан		2022 жылғы 31 желтоқсан	
			Иелену/дауыс үлесі, %	Жарғылық капиталға салым	Иелену/дауыс үлесі, %	Жарғылық капиталға салым
«РТРС» ЖШС	Қазақстан	Жалға беру қызметтері	50	<u>135.000</u> <u>135.000</u>	50	<u>135.000</u> <u>135.000</u>

2023 жылы «РТРС» ЖШС-нің түпкілікті шығыны (35 589) мың теңгені, Биржа шығынының үлесі (17 794) мың теңгені (2022 жылы – жалпы пайда 69 092 мың теңге) құрады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қауымдасқан компанияға салынған инвестицияның баланстық құны 107 289 мың теңгені құрады (2022 жылдың 31 желтоқсанында – 125 083 мың теңге).

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері

### Жалпы бөлім

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде белгілеген қағидатты қоспағанда, нақты шығындар бойынша есеп қағидатына сәйкес дайындалған. Мысалы, басқа жиынтық табыс пен негізгі құралдар арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер (топтары: ғимарат, жер, көлік құралдары) әділ құны бойынша бағаланды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, бір акцияға шаққандағы деректерді қоспағанда немесе өзгесі көрсетілмеген болса, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») ұсынылған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Топ әрекет ететін ұйым болып табылады және өз қызметін жақын болашақта үздіксіз жалғастырады деген жорамалды ескере отырып дайындалған.

### Сыртқы экономикалық факторлардың әсері

2023 жылы нарықтарға жаһандық экономиканың жандануын шектейтін әртүрлі геосаяси және экономикалық факторлар әсер етті. 2023 жылдың екінші жартыжылдығында көптеген елдерде инфляция деңгейі төмендеді. Нәтижесінде бірқатар елдердің орталық банктеріне пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар, экономиканың оң қарқынын ескере отырып, әлемнің жетекші экономикаларының орталық банктері инфляцияның ағымдағы деңгейін шектеуші ақша-несие саясатын тоқтату үшін жеткілікті жоғары деп есептеп, пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге батылы бармады. Консенсуска сәйкес, әлем экономикасының құлдырау кезеңінен өсу кезеңіне өтуі 2024 жылдың екінші жартысында күтілуде, ал инфляция деңгейі 2024 жыл бойы төмендеуін жалғастырады.

2023 жылы Қазақстан ЖІӨ-нің 5,1%-ға өсімін көрсетті. Алдыңғы қатарда құрылыс (13,3%), сауда (11,3%) және байланыс (7,15%) салалары болды. Бұл ретте АҚШ-тың ЖІӨ өсімі 3,1%, Қытайдың ЖІӨ – 5,2%, Ресей Федерациясында – 3,6%-ды құрады.

Қазақстанда жылдық инфляция 2023 жылы төмендеп, жыл соңында 2022 жылғы 20,3% көрсеткішпен салыстырғанда 9,8%-ды құрады.

2023 жылдың басында ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі жылдық 16,75%-ды құрады. Бір жыл ішінде базалық мөлшерлеме үш есе төмендетілді және 2023 жылдың соңына қарай ол жылдық 15,75% құрады.

2023 жылдың соңында қазақ теңгесі АҚШ долларына қатысты 1,7%-ға нығайды және жыл соңында бағам бір АҚШ долларына 454,56 теңге болды.

2023 жылдың соңында төлем балансының ағымдағы шоты сауда балансының және қызмет көрсету балансының нашарлауына байланысты тапшылыққа ұшырап, 3,3 млрд долларды құрады. Тауарлар экспорты 7,0%-ға азайып, 78,7 млрд долларға жетті. Тауарлар импорты 20,0%-ға өсіп, 61,2 млрд долларды құрады. Осыған байланысты сауда балансының сальдосы 2022 жылмен салыстырғанда 52,0%-ға азайып, 17,5 млрд долларды құрады. Бұл құлдырау 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнай бағасының төмендеуіне байланысты болды.

2023 жыл жылдық инфляция деңгейінің төмендеуіне, сыртқы экономикалық күйзелістерді теңестіргеннен кейін нарықтардың тұрақтануына және макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруына байланысты қазақстандық қор нарығы үшін қолайлы болды.

2023 жылдың соңында Биржаның барлық нарықтарындағы жалпы сауда-саттық көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 57%-ға өсіп, 410,7 трлн теңгеге жетті және биржа тарихындағы рекорд болды. KASE индексі өзінің тарихи максимумын жаңартып, 4 мың тармақ шегін бұзып, 2023 жылы 29%-ға өсіп, 4 187,38 тармаққа дейін жетті.

Компания басшылығы санкцияларды енгізуге байланысты оқиғалар Компания қызметінің үздіксіздігіне әсер етпейді деп санайды. Компания басшылығы экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді де, кез келген санкциялық тәуекелдерді де бақылайды және жақын арада компанияның тұрақтылығын сақтау және бизнесін дамыту үшін қажетті шараларды қабылдайды.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері (жалғасы)

### Бағалаулардың белгісіздігі

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат қолжетімді болғанына қарай, Топ ККЗ бағалауды, қаржылық құралдардың әділ құнын бағалауды жүргізген кезде күтілетін болашақ ақша ағындарының қайта қаралған бағалауларын көрсетті.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері

### Шоғырлану негізі

Еншілес компаниялар, яғни Топ олардың қызметін бақылауды жүзеге асыратын ұйымдар, шоғырланады. Топтың инвестиция нисанына қатысудан түскен кірістердің өзгеру тәуекеліне ұшыраған немесе осындай кірістер алуға құқығы бар, сондай-ақ инвестиция нисанына қатысты өз өкілеттігін жүзеге асыру арқылы осы кірістерге әсер ету мүмкіндігі болған кезде бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ келесі талаптар орындалған жағдайда ғана инвестиция нисанын бақылайды:

- Топтың инвестиция нисанына қатысты өкілеттіктерінің бар болуы (яғни, инвестиция нисанының маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қазір бар құқықтары);
- Топтың инвестиция нисанына қатысудан түскен кірістердің өзгеруіне ұшырағыштығы немесе осындай кірістерді алуға құқықтарының бар болуы;
- Топтың кірістер мөлшеріне әсер ету үшін инвестиция нисанына қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің бар болуы.

Әдетте, дауыс беру құқығының көпшілігі бақылаудың бар болуына негіз болады деп болжанады. Осындай жормалады растау үшін және Топтың инвестиция нисанына қатысты дауыс беру құқығының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары аз болған жағдайда, Топ осы инвестиция нисанына қатысты өкілеттігі бар болуын бағалау кезінде барлық маңызды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- инвестиция нисанындағы басқа дауыс беру құқықтарын ұстаушылармен келісім (-дер);
- басқа келісімдерде көзделген құқықтар;
- Топта бар дауыс беру құқықтары және ықтимал дауыс беру құқықтары.

Еншілес ұйымдардың шоғырлануы оларды бақылау Топқа ауысқан күннен басталады және бақылаудан айырылған күні тоқтатылады. Барлық топшілік операциялар, қалдықтар және осындай операциялар бойынша іске асырылмаған кірістер толығымен алынып тасталады; тиісті операция табысталатын активтің құнсыздануын дәлелдеген жағдайлардан басқа, іске асырылмаған шығындар да жойылады. Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін оған түзетулер енгізіледі.

Бақылаудан айырылмай еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту меншікті капиталмен операция ретінде есепке алынады. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті бұл теріс сальдоға әкелсе де, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатқызылады.

Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылса, ол еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін (соның ішінде оған қатысты гудвилді), бақыланбайтын қатысу үлестерінің теңгерімдік құнын, капиталда көрсетілген жинақталған бағам айырмаларын тануды тоқтатады; алынған өтемнің әділ құнын, қалған инвестицияның әділ құнын, операция нәтижесінде пайда немесе залал құрамында туындаған артық немесе тапшылықты таниды; бұдан бұрын басқа жиынтық табыс құрамында танылған компоненттердегі бас ұйымның үлесін пайда немесе залал құрамына қайта жіктейді.

### Жаңа ХҚЕС қолдану, ХҚЕС түсіндірмелері және ХҚЕС-ке түзетулер

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есеп қағидаттары, жаңа ХҚЕС-пен және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ХҚЕС түсіндірмелерін қоспағанда, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген басқа ХҚЕС, ХҚЕС-ке түзетулер мен түсіндірулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ 2023 жылы төменде аталған ХҚЕС-ке түзетулерді алғаш рет қолданды, бұл ретте олар оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### ХҚЕС 17 (IFRS) түзетулері - «Сақтандыру шарттары»

2021 жылғы желтоқсанда жарияланған және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейінгі есепті кезеңдерге қолданылатын 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) түзетулері.

Бұл стандарт қазіргі уақытта сақтандыру шарттарын есепке алудың кең ауқымды тәжірибесіне мүмкіндік беретін 4 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС-ке (IFRS) ауыстырады. ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» сақтандыру компаниялары мен сақтандыру бизнесі бар топтардың, сақтандыру шарттары мен инвестициялық шарттардың дискрециялық қатысу шарттарымен есепке алу тәсілін түбегейлі өзгертеді.

17 ХҚЕС талаптары белгілі бір сақтандыру ұйымына тән жеке тәуекелді ескере отырып, төлем қабілеттілігін бағалауға тұжырымдамалық жаңа тәсілді ұсынатын Solvency II еуропалық стандартының элементтерін қамтиды.

2023 жылы 17 ХҚЕС бойынша есептер 4 ХҚЕС-пен қатар ұсынылатын болады.

Сақтандыру ұйымдарының пруденциалдық нормативтеріне сақтандыру міндеттемелерінің негізсіз өзгерістерінің айла-шарғы жасауын және ықпалын болдырмау мақсатында реттеуші есептілік өзгеріссіз қалады.

Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпалын тигізбеді.

#### ХҚЕС (IAS) 8 түзетулері – «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» (есеп саясаты мен бухгалтерлік бағалаудың өзгеруі туралы иллюстрациялар)

IASB ХҚЕС (IAS) 8-ге түзетулер енгізіп, бухгалтерлік бағалауды «қаржылық есептіліктегі ақшалай сомалар, олардың бағасы белгісіздікпен байланысты» деп анықтайды (monetary amounts in financial statements that are subject to measurement uncertainty).

Есеп саясаты қаржылық есептіліктегі баптарды бағалаудың белгісіздігімен байланысты тәсілмен бағалауды талап етуі мүмкін. Яғни, есеп саясаты мұндай баптарды тікелей байқауға болмайтын, бірақ бағалануы керек ақшалай сомада бағалауды талап етуі мүмкін.

Бұл жағдайда Компания есеп саясатында қойылған мақсатқа жету үшін бухгалтерлік бағалауды жасайды. Бухгалтерлік бағалауды орындау қол жетімді соңғы сенімді ақпаратқа негізделген пайымдауларды немесе болжамдарды пайдалануды қамтиды.

#### ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық» түзетулері – бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық

2021 жылдың мамырында жарияланған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі есепті кезеңдерге қолданылатын 12 «Табыс салығы» ХҚЕС (IAS) түзетулері.

Басқарма бұл түзетулерді ұйымдардың активтерді де, міндеттемелерді де бастапқы тануға әкелетін жалдау және пайдаланудан шығару міндеттемелері сияқты операциялар мен оқиғалар бойынша кейінге қалдырылған салықты есепке алу жолындағы сәйкессіздіктерді азайту үшін енгізді.

Түзетулер IAS 12 сәйкес бастапқы танудан алып тастау аясын тарылтады, осылайша алып тастау салық салынатын және шегерілетін уақыттық айырмашылықтардың тең болуына әкелетін операцияларға қолданылмайды.

Түзетулер сонымен қатар міндеттемелерді өтеу төлемдерінің салық мақсатындағы шегерімі (қолданылатын салық заңнамасына сәйкес) мұндай шегерімдер қаржылық есептілікте танылған міндеттеме (және пайыздық шығыстар) немесе байланысты актив (және пайыздық шығыстар) үшін салық салу мақсаттарына сәйкес келетіндігі туралы пайымдау мәселесі екенін көрсетеді.

Бұл шешім актив пен міндеттемені бастапқы тану кезінде уақытша айырмашылықтардың бар-жоғын анықтау үшін маңызды.

Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпалын тигізбеді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Жаңа ХҚЕС қолдану, ХҚЕС түсіндірмелері және ХҚЕС түзетулері (жалғасы)

«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС-ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер

ХҚЕС кеңесі ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулер енгізіп, ұйым есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты ашуы керек екенін анықтайды: Есеп саясаты туралы ақпарат, егер ұйымның қаржылық есептілігіне енгізілген басқа ақпаратпен бірге қарастырылатын бұл ақпарат осы қаржылық есептілік негізінде жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушылары қабылдаған шешімдерге әсер етеді деп күтуге болатын болса, маңызды болып табылады.

Маңызды емес операцияларға, басқа оқиғаларға немесе шарттарға қатысты есеп саясаты маңызды емес болып табылады және оларды ашу талап етілмейді. Дегенмен, есеп саясаты операциялардың немесе басқа оқиғалардың немесе жағдайлардың сипатына байланысты, тіпті егер сомалар маңызды емес болса да, маңызды болуы мүмкін. Дегенмен, маңызды операцияларға, басқа оқиғаларға немесе шарттарға қатысты есеп саясатының барлық ақпараты маңызды болып табылмайды.

Ұйым есеп саясаты туралы маңызды ақпаратпен бірге немесе басқа ескертулердің бөлігі ретінде – осы ұйымның есеп саясатын қолдану процесінде басшылық қалыптастырған және қаржылық есептілікте танылған сомаларға айтарлықтай әсер еткен есептік бағалаулармен байланысты ақпараттардан басқа, пайымдаулар туралы ақпаратты ашуы керек.

Бұл түзету топқа шоғырландырылған қаржылық есептілікте осы түзету енгізілгенге дейін талап етілгендей есеп саясатының негізгі ережелерін емес, есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты ашуға мүмкіндік береді.

#### Халықаралық салық реформасы - екінші компоненттің модельдік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

2021 жылдың желтоқсанында ЭЫДҰ PILLAR 2 типтік ережелерін жариялады, оған сәйкес ірі трансұлттық компанияларға ең төменгі 15% мөлшерлеме бойынша салық салынады.

Әлемдік ЖІӨ-нің 90% - дан астамын құрайтын 135-тен астам елдер мен юрисдикциялар Pillar 2 типтік ережелерімен келіскен.

ХҚЕС кеңесі ережелерді қолдану нәтижесінде туындаған кейінге қалдырылған салықтарды есепке алуға қатысты белгісіздік туралы мүдделі тараптардың алаңдаушылығына жауап беру үшін шұғыл шаралар қабылдады.

ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер енгізіледі:

- жаһандық салық ережелерін қолданатын юрисдикцияларда туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды есепке алу бойынша уақытша алып тастау. Бұл қаржылық есептілікті салыстыруға және ережелерді орындауды жеңілдетуге көмектеседі;
- инвесторларға компанияға жаңа табыс салығы талаптарының әсерін жақсырақ түсінуге көмектесу үшін, әсіресе осындай талаптарды белгілейтін заң күшіне енгенге дейін ақпаратты ашуға қойылатын мақсатты талаптар.

Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпалын тигізбейді.

2024 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді:

- Сату және кері жалға беру бойынша жалдау міндеттемелері (ХҚЕС (IFRS) 16 Жалдау түзетулері);
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу (ХҚЕС (IAS) 1 Қаржылық есептілікті ұсыну түзетулері);
- Ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер (ХҚЕС (IAS) 1 Қаржылық есептілікті ұсыну түзетулері);
- Жеткізушілерді қаржыландыру шарттары (ХҚЕС (IAS) 7 ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп және ХҚЕС (IFRS) 7 қаржы құралдары: Ақпаратты ашу түзетулері);
- Еркін айырбасталудың болмауы (ХҚЕС (IAS) 21 Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері түзетулері).

Компания жаңа ХҚЕС-ты, ХҚЕС-тың түсіндірмелерін және жоғарыда аталған ХҚЕС-ке түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбады.



(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Әділ құнды бағалау

Топ пайда немесе залал арқылы әділ құны (ПЗӨҚ) бойынша және басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны (БЖТӨҚ) бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын және негізгі құралдар (топтар: ғимарат, жер, көлік құралдары) сияқты қаржылық емес активтерді әділ құны бойынша әрбір есептік күнге бағалайды.

Әділ құн – активті сатқан кезде алынатын немесе бағалау күніндегі нарық қатысушылары арасындағы әдеттегі мәміле барысында міндеттемені тапсыру кезінде төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені тапсыру мақсатындағы мәміле осылай жүзеге асырылады деп ойластырады:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық жоқ болғанда, осы актив немесе міндеттемеге қатысты ең тиімді нарықта.

Топтың негізгі немесе ең тиімді нарыққа қолжетімділігі болуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны, егер нарық қатысушылары өздерінің ең жақсы экономикалық мүдделерінде әрекет ететін болса, нарық қатысушылары активке немесе міндеттемеге баға белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдар арқылы бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушының активті ең жақсы және ең тиімді пайдалану арқылы немесе оны осы активті ең жақсы және ең тиімді пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сату арқылы экономикалық пайда жасау қабілетін ескереді.

Топ осы мән-жайларда орынды және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді, сонымен бірге релевантты бақыланатын бастапқы деректерді максималды пайдалануға және бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды барынша азайтуға мүмкіндік беретін бағалау үлгілерін пайдаланады. Әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды жалпы бағалау үшін маңызды болып табылатын, ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде, төменде сипатталған әділ құн иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – белсенді нарықтарда ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белгіленген бағалар (түзетілмейтін).
- 2-деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын, әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын, әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалмайтын болып табылатын бағалау үлгілері.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында, Топ жіктеуді қайта талдау арқылы иерархия деңгейлері арасында оларды ауыстыру қажеттілігін әрбір есептік кезеңнің соңында белгілейді (ең төменгі деңгейдегі, әділ құнды жалпы бағалау үшін маңызды болып табылатын деректер негізінде).

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржылық активтер мен міндеттемелер

##### *Бастапқы тану*

##### *Тану күні*

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты талаптармен сатып алу немесе сату мәмілені жасау күніне, яғни Топ активті немесе міндеттемені сатып алуға міндеттемесін өзіне алған күніне көрсетіледі. Стандартты талаптармен сатып алуға немесе сатуға нарықта қалыптасқан ережелерде не келісімдерде белгіленген мерзім ішінде активтер мен міндеттемелерді жеткізуді талап ететін шарттың шеңберінде қаржылық активтер мен міндеттемелерді сатып алу немесе сату жатады.

##### *Бастапқы бағалау*

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі шарт талаптарына және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес үлгіге байланысты. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, қаржы құралдары мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады.

##### *Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары*

Топ активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес үлгісі және активтердің шарттық талаптары негізінде мыналар бойынша бағаланатын деп жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- БЖТӘҚ;
- ПЗӘҚ.

Топ туынды құралдарды және саудалауға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаттарын тиянақсыздықты жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, Топ өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланған ретінде жіктей алады.

Қарыз және қаржылық кепілдіктер беру бойынша міндеттемелерден басқа, қаржылық міндеттемелер, егер олар саудалауға арналған және туынды құрал болып табылса, амортизацияланған құны немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады немесе ұйымның қалауы бойынша әділ құн бойынша бағаланған ретінде жіктеледі.

##### *Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттік ұйымдардағы қаражат, инвестициялық бағалы қағаздар*

Топ кредиттік ұйымдардағы қаражатты және басқа қаржылық инвестицияларды, келесі талаптардың екеуі де орындалғанда ғана амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсатында шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болатын бизнес үлгісі шеңберінде ұсталады;
- қаржылық активтің шарттық талаптары негізгі борыш сомасы мен өтелмеген негізгі борыш сомасы бойынша пайыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын аталған күндері алуға себепші болады (SPPI).

Осы талаптар төменде толығырақ қарастырылады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Бизнес үлгісін бағалау

Топ бизнес үлгісін белгілі бір бизнес мақсатына жету үшін топтастырылған қаржылық активтердің қалай басқарылатынын ең жақсы көрсететін деңгейде белгілейді.

Топтың бизнес үлгісі бақыланатын факторларға негізделген, олар:

- бизнес үлгісінің нәтижелілігі және осы бизнес үлгісінің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланытыны және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалай жеткізілетіні;
- бизнес үлгісінің нәтижелілігіне (және осы бизнес үлгісінің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге сыйақы қалай төленеді (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатылымдардың күтілетін жиілігі, көлемі және мерзімі де Топтың бизнес үлгісін бағалау кезінде маңызды аспектілері болып табылады.

Егер бастапқы танудан кейінгі ақша ағындары Топ күткеннен өзгеше түрде өткізілсе, Топ осы бизнес үлгісінің шеңберінде ұсталатын қалған қаржылық активтердің жіктелуін өзгертпейді, бірақ мұндай ақпаратты жақын арада құрылған немесе жақын арада сатып алынған қаржылық активтерді бағалау кезінде ескереді.

*«Негізгі борыш және өтелмеген негізгі борыш бөлігіне пайыздар есебіне ғана төлемдер» тесті (SPPI тесті)*

Жіктеу үдерісінің екінші кезеңінің аясында Топ шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары негізгі борыш және өтелмеген негізгі борыш бөлігіне пайыздар есебіне ғана төлемдер болып табылады ма екенін анықтау үшін қаржылық активтің шарттық талаптарын бағалайды (SPPI тесті деп аталады).

Осы тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» қаржылық активтің бастапқы тану кезіндегі әділ құны болып табылады және ол осы қаржылық активтің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер негізгі борыш сомасын өтеу есебіне төлемдер немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы болса).

Кредит шарты шеңберінде пайыздың ең маңызды элементтері әдетте ақшаның уақытша құнын өтеу және кредиттік тәуекелді өтеу болып табылады. SPPI тестін өткізу үшін Топ пайымдауларды қолданады және орынды факторларды қарастырады, мысалы, қаржылық актив қандай валютада екенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді.

Сонымен бірге, тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген базалық кредиттік келісімге байланысты емес ақша ағындарының құбылмалылығына елеулі әсер етпейтін шарттық талаптар негізгі борыш сомасы мен өтелмеген талаптар негізгі борыш сомасының бөлігіне пайыздарды төлеу ғана болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарын туындауына себепші болмайды. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау керек.

*БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар*

Кейде Топ үлестік құралдарға салынатын кейбір инвестицияларды бастапқы тану кезінде, егер олар «Қаржы құралдары: ұсыну» 32 ХҚЕС (IAS) бойынша үлестік құрал анықтамасына сәйкес келсе және саудалауға арналмаған болса, оларды, кейінгі күшін жою құқығынсыз, БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеу туралы шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша жеке қабылданады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)**

*БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар (жалғасы)*

Осындай үлестік құралдар бойынша кірістер мен шығындар ешқашан пайда немесе залалға қайта жіктелмейді. Топ осындай құралдың бастапқы құнының бір бөлігін өтеу ретінде осындай түсімдерден пайда көретін жағдайларды қоспағанда, дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде дивидендтер пайда немесе залал құрамында басқа кіріс ретінде танылады. Бұл жағдайда пайда басқа жиынтық табыс құрамында танылады. БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздандуды бағалауға жатпайды. Мұндай құралдар істен шыққан кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

#### **Қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктеу**

Топ қаржылық активтерді басқарудың бизнес үлгісін өзгертетін ерекше жағдайларды қоспағанда, Топ қаржылық активтерді бастапқы танудан кейін қайта жіктелмейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. Топ 2023 жылы қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктеген жоқ.

#### **Ақшалай қаражат және оның баламалары**

Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған, пайда болған күннен бастап тоқсан күн ішінде өтеу мерзімі бар, колма-кол ақшалай қаражат, ҚРҰБ-дегі қаражат және кредиттік ұйымдардағы қаражат кіреді.

#### **«РЕПО» және «кері РЕПО» келісімдері және бағалы қағаздармен жасалатын қарыздық операциялар**

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу келісімдері («РЕПО» келісімдері) есептілікте қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. «РЕПО» келісімдері бойынша өткізілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы бөлек есепте танылуын жалғастырады және егер контрагенттің келісім талаптарынан немесе жалпы тәжірибеден шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге беруге құқығы болса, «РЕПО» келісімдері бойынша кепілге берілген бағалы қағаздар санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай туралы бөлек есепте «РЕПО» келісімдері ретінде көрсетіледі. Кері сату шарттары («кері РЕПО») бойынша бағалы қағаздарды сатып алу қаржылық жағдай туралы бөлек есепте «кері РЕПО» келісімдері ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық түсім ретінде қарастырылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «РЕПО» келісімінің қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге қарыз талаптары бойынша берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілуін жалғастыруда. Қарыз талаптары бойынша тартылған бағалы қағаздар үшінші тұлғаларға өткізілген кезде ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Бұл жағдайда сатып алу-сату мәмілесі жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте ескеріледі. Мұндай бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі сауда операциялары міндеттемесі құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

#### **Туынды қаржы құралдары**

Қалыпты қызмет барысында Топ валюталық және капитал нарықтарында әртүрлі туынды қаржы құралдарын (соның ішінде фьючерстер, форвардтар, своптар және опциондар) қолданады. Бұл қаржы құралдары саудалауға арналған және бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Әділ құн белгіленген нарықтық бағалар немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнына негізделген бағалау үлгілері мен басқа факторлар негізінде анықталады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтер құрамында, ал теріс әділ құны туынды қаржы құралдары міндеттемелер құрамында көрсетіледі. Аталған құралдармен жасалатын операциялар бойынша пайда мен залал жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржы құралының түріне қарай саудалық бағалы қағаздармен жасалатын операциялар бойынша таза пайда/(залал) құрамында немесе шетел валютасындағы операциялар (сауда операциялары) бойынша таза пайда/(залал) құрамында көрсетіледі.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме танылған сомаларды есепке алуға заңды түрде қорғалған құқық болған кезде және нетто негізінде есеп айырысу немесе активті өткізу мен бір мезгілде міндеттемені орындау ниеті болған кезде қаржылық жағдай туралы бірлестіріліген есепте көрсетілумен өзара есепке алынуға жатады. Есепке алуды жүзеге асыру құқығы болашақ оқиғаға байланысты болмауы керек және келесі жағдайлардың барлығында заңды түрде қорғалған болуы керек:

- қалыпты қызмет барысында;
- дефолт кезінде; және
- ұйымның немесе кез келген контрагенттің төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы жағдайында.

Бұл талаптар, әдетте, неттинг туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы бірлестіріліген есепте толық көлемде көрсетіледі.

#### Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату

##### *Қаржылық активтер*

Қаржылық активті (немесе, қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігін) қаржылық жағдай туралы есепте тану тоқтатылады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағындарын алу құқығын үшінші тарапқа тапсырса немесе «транзиттік» келісімнің талаптары бойынша елеулі кідіріссіз алынған ақша ағындарын аудару міндеттемесін қабылдаса; және де
- Топ не (а) активтің барлық дерлік тәуекелдері мен пайдаларын тапсырған, немесе (б) активтің барлық тәуекелдері мен пайдаларын тапсырмаған, дегенмен сақтамайды да, бірақ осы активті бақылауды тапсырған.

Топ активтен ақша ағындарын алу құқығын тапсырған, бірақ онымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды тапсырмаған да, сақтамаған да, сондай-ақ активке бақылауды тапсырмаған жағдайда, мұндай актив Топтың осы активке жалғасқан қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Тапсырылған актив бойынша кепілдік түріндегі активке қатысудың жалғасуы активтің бастапқы теңгерімдік құнының және Топқа төленуге ұсынылуы мүмкін ең жоғары өтем мөлшерінің ең аз мәні бойынша өлшенеді. Активке жалғасатын қатысу тапсырылатын активке шығарылған және/немесе сатып алынған опцион (соның ішінде есеп айырысуы ақшалай қаражатпен жасалатын опцион немесе ұқсас құрал) түріне айналса, Топтың жалғасатын қатысуының мөлшері – бұл әділ құн бойынша бағаланатын актив жөнінде шығарылған пут-опцион (соның ішінде есеп айырысуы ақшалай қаражатпен жасалатын опцион немесе ұқсас құрал) жағдайын қоспағанда, Топ сатып ала алатын тапсырылған активтің құны. Бұл жағдайда Топтың жалғасатын қатысуының мөлшері екі шаманың ең азы ретінде белгіленеді, олар: тапсырылатын активтің әділ құны және опционның орындалу бағасы.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)**

##### ***Қаржылық активтер (жалғасы)***

###### ***Шығынға жазу***

Қаржылық активтер Топ олардың құны өтелуін енді күтпеген жағдайда ғана жартылай немесе тұтас шығынға жазылады. Егер шығынға жазылуға жататын сома құнсыздануға арналған жинақталған резерв шамасынан жоғары болса, онда айырмашылық алдымен резервтің ұлғаюы ретінде есепке алынады, содан кейін ол жалпы теңгерімдік құнға қолданылады. Кез келген кейінгі өтеулер кредиттік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Шығынға жазу тануды тоқтатуды білдіреді.

##### ***Қаржылық міндеттемелер***

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған кезде тоқтатылады.

Қазір бар бір қаржылық міндеттемені айтарлықтай басқа талаптар бойынша дәл сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге ауыстырылғанда немесе қазір бар міндеттеменің талаптары елеулі түрде өзгертілгенде, бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме теңгерімдік құндағы міндеттемелер айырмашылығын пайда немесе залал құрамында танумен есепте көрсетіледі.

##### ***Жалға алу***

Топ жалдауды есепке алу үшін 16 «Жалдау» ХҚЕС-ін қолданады.

Келісімшарт жасау кезінде Топ келісімнің жалдау болып табылатынын немесе оның жалдау элементтерін қамтитынын бағалайды. Яғни, Топ өтемақыға айырбас ретінде белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығын келісімшарт арқылы беретінін анықтайды.

##### ***Топ жалға алушы ретінде***

Топ қысқа мерзімді жалға алу және құны төмен активтерді жалға беруді қоспағанда, барлық жалға алу шартын тану және бағалау үшін біркелкі тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерін жүзеге асыру бойынша жалға алу міндеттемелерін және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығын таниды. Топтың кеңселік үй-жайларды жалдау шарты бар және жалға алу шарттарын қарастыра отырып, Топ 16 ХҚЕС-ке сәйкес жалдау активтері мен міндеттемелерін тану қажет деген қорытындыға келді. Топтың жалға алу міндеттемелеріне қолданылатын орташа алынған қосымша қарыз мөлшерлемесі 15,5% құрады.

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы бар активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Егер жалдау негізгі активке меншік құқығын жалдау мерзімінің соңына дейін Топқа берсе немесе пайдалану құқығы бар активінің құны Топтың сатып алу опционын жүзеге асыру ниетін көрсететін болса, Топ активті жалға берудің басталу күнінен бастап негізгі активтің пайдалы қызмет ету мерзімінің соңына дейін пайдалану. Әйтпесе, Топ пайдалану құқығы бар активінің амортизациясын жалдау басталған күннен бастап пайдалану құқығы бар активінің пайдалы мерзімінің аяқталуының ертесіне немесе жалдау мерзімінің аяқталу күніне дейін есептейді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### ***Жалға алу (жалғасы)***

Пайдалану құқығы бар активтер де құнсыздануға да тексеріледі.

Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады. Егер бұл тәсіл пайда алу құрылымын жақсы көрсетсе, топ басқа жүйелі тәсілді қолданады.

#### ***Топ жалға беруші ретінде***

Топ өзінің әрбір жалдауын операциялық жалдау немесе қаржылық жалдау ретінде жіктейді.

Жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі, егер ол негізгі активті иеленумен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды беруді көздесе. Жалдау, егер ол негізгі активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды бермесе операциялық жал ретінде жіктеледі.

Жалдау бойынша жіктеу жалдау қатынастарының басталу күні жасалады және жалдау шартына өзгерістер енгізілген жағдайда ғана қайта бағаланады. Бағалаудағы өзгерістер (мысалы, негізгі активтің болжанған экономикалық қызмет ету мерзімінің немесе қалпына келтіру құнының өзгеруі) немесе жағдайлардың өзгеруі (мысалы, жалға алушының дефолт) бухгалтерлік есеп мақсатында жалдауды қайта жіктеу қажеттілігіне әкелмейді.

#### ***Қаржылық жалдау***

##### ***Тану және бағалау***

Жалға беруші өзінің қаржылық жағдайы туралы есебінде жалдау басталған күнгі қаржылық жалдаудағы активтерді тануға және оларды таза жалдау инвестицияларының сомасына тең мөлшерде дебиторлық берешек ретінде ұсынуға тиіс.

##### ***Кейінгі бағалау***

Топ жалдау мерзіміндегі қаржылық кірісті жалға берушінің таза жалдау инвестициясы бойынша тұрақты мерзімді кірістілік мөлшерлемесін көрсететін кесте негізінде таниды.

#### ***Операциялық жалдау***

##### ***Тану және бағалау***

Топ операциялық жалдау бойынша жалдау төлемдерін біркелкі әдісті немесе басқа жүйелік әдісті пайдалана отырып, кіріс ретінде таниды. Топ басқа жүйелі әдісті қолдана алады, егер бұл әдіс базалық активті пайдаланудан түсетін пайданың төмендеуінің үлгісін сәйкесінше көрсетеді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері теңгерімдік міндеттемелер әдісін қолдана отырып, барлық уақытша айырмашылықтарға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салықтар, кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық гудвилді, активті немесе бизнестердің бірігуі болып табылмайтын және жүзеге асырылу кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін операция міндеттемесін бастапқы көрсету нәтижесінде туындаған жағдайды қоспағанда, активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен қаржылық есептілік мақсатында олардың теңгерімдік құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмашылықтар бойынша көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салық базасын азайтатын осы уақытша айырмашылықтар оған қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайданы алудың ықтималдығы бар болған шамада ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есептік күнге күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген заңнаманы ескере отырып, активті өткізу немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық, уақытша айырмашылықтың қайтарылу мерзімі бақылауға көнген және уақытша айырмашылық жақын болашақта қайтарылуы ықтимал болған жағдайдарды қоспағанда, еншілес, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялармен байланысты уақытша айырмашылықтар бойынша көрсетіледі.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында Топ қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар әрекет етеді. Бұл салықтар операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

#### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған залалды шегергенде, күнделікті қызмет көрсетуге жұмсалған шығындарды есепке алусыз бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Бұл құнға жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді, олар тану критерийлеріне сәйкес келсе, туындаған кезде танылады.

Бастапқы танудан кейін ғимараттар мен құрылыстар, жер телімдері және автокөлік құралдары кейінгі жинақталған амортизацияны және құнсызданудан кейінгі жинақталған залалдарды шегергенде қайта бағалау күніндегі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның теңгерімдік құны арасындағы елеулі айырмашылықтарды болдырмау үшін жеткілікті жиі орындалады.

Қайта бағалау күніндегі жинақталған амортизация активтің жалпы теңгерімдік құнын бір мезгілде азайта отырып, жоққа шығарылады, және алынған сома активтің қайта бағаланған құны негізінде қайта есептеледі. Қайта бағалаудан түскен құн өсімі, бұрын пайда немесе залалда көрсетілген осы актив құнының бұрынғы азаюын қайтару сомаларын қоспағанда, негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде басқа жиынтық табыс құрамында көрсетіледі. Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетілген дәл сол актив бойынша алдыңғы құн өсіміне қарсы осындай азаюды тікелей есепке алуды қоспағанда, қайта бағалаудан құн азаюы пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайда құрамына сомаларды жыл сайынғы аудару активтердің қайта бағаланған теңгерімдік құны негізінде есептелген амортизация сомасы мен активтердің бастапқы құнынан есептелетін амортизация сомасы арасындағы айырмашылықтың бөлігінде жүзеге асырылады. Актив істен шыққан кезде қайта бағалау резервіне енгізілген тиісті сома бөлінбеген пайда құрамына аударылады.



(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Негізгі құралдар (жалғасы)

Нысанның амортизациясы ол пайдалануға қолжетімді болған кезде басталады. Амортизация активтерді пайдалы қызмет етудің келесі есептеу мерзімдері ішінде сызықтық әдіспен есептеледі:

	<u>Жылдар</u>
Ғимараттар	40
Машиналар мен жабдық	3-15
Көлік құралдары	6,7
Басқасы	6-10

Активтердің өтімділік құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизациясын есептеу әдістері әрбір есептік жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеуге және қайта құруға жұмсалатын шығыстар, олар капиталдандыруға жататын жағдайларды қоспағанда, олар келтірілгеніне қарай шығыстарға жатқызылады және басқа операциялық шығыстар құрамына кіргізіледі.

#### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бағдарламалық жасақтаманы және лицензияларды қамтиды.

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда бастапқы құны бойынша есептеледі. Бизнесстерді біріктіру аясында сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны олардың сатып алу күніндегі әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегергенде бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайды қызмет ету мерзімі шектеулі немесе шектелмеген болады. Пайдалы қызмет ету мерзімі шектелген материалдық емес активтер олардың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің құнсыздануының белгілері бар болған кезде құнсыздануға бағаланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі белгісіз материалдық емес активтерді амортизациялау мерзімі мен тәртібі әрбір есептік жылдың соңында кемінде жыл сайын талданады.

Төменде материалдық емес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі берілген:

	<u>2023 жылы пайдаланылған, жылдардағы мерзімдер</u>
Ішкі әзірленетін бағдарламалық жасақтама	6-9
Басқа бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар	5-8
Басқасы	2-5

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Материалдық емес активтер (жалғасы)

Егер Топ материалдық емес активті жасаса, материалдық емес активті әзірлеуге жұмсалған шығыстар материалдық емес активтің өзіндік құнына қосылады және шарт талаптарына сәйкес материалдық емес активті мақсаты бойынша пайдалануға дайын болғанға дейін аяқталмаған құрылыс ретінде есепке алынады.

Ішкі жасалған материалдық емес активтің өзіндік құны материалдық емес актив тану критерийлеріне алғаш рет жарамды болған күннен бастап келтірілген келесі шығындардың сомасы болып табылады және тікелей бөлунуі немесе қисынды және дәйекті негізде оны әзірлеуге, жасауға, өндіруге және мақсаты бойынша пайдалануына дайындауға жатқызылуы мүмкін шығындарды қамтиды:

- 1) материалдық емес активті жасаған кезде пайдаланылған немесе тұтынылған материалдар мен қызметтерге жұмсалған шығыстарды;
- 2) материалдық емес активті жасаумен тікелей айналасатын жұмыскерлерге жұмсалатын еңбекақы мен басқа да шығыстарды (Топ, егер бұл жұмыс жоғарыда аталған барлық талаптарға сай болса, орындалған жұмыс туралы есептер негізінде бағдарламалық өнімдерді жөнге келтуімен тікелей айналасатын жұмыскерлердің сыйақысын капиталдандыруды жүзеге асырады);
- 3) заңды құқықты тіркеу үшін төленетін баждар, активті жасау үшін пайдаланылған патенттер мен лицензиялар сияқты, жасалатын активке тікелей қатысты кез келген шығындарды.

#### Сатуға арналған деп жіктелетін активтер

Топ айналымнан тыс активтерді (немесе істен шығатын топты), егер олардың теңгерімдік құнын өтеу көбінесе пайдалану барысында емес, өткізу мәмілесінің нәтижесінде жоспарланатын болса, сатуға арналған ретінде жіктейді. Ол үшін айналымнан тыс активтер (істен шығатын топ) мұндай активтерді (істен шығатын топты) сатудың әдеттегі, үлгілі талаптар болып табылатын талаптармен олардың қазіргі күйінде дереу сатуға қолжетімді болуы керек, бұл ретте оларды сату жоғары ықтималдық дәрежесімен сипатталуы тиіс.

Сатылудың жоғары ықтималдығы Топ басшылығының айналымнан тыс активті (немесе істен шығатын топты) өткізу жоспарын орындауға берік ниетін білдіреді. Бұл ретте сатып алушыны іздеу және осындай жоспарды орындау бойынша белсенді іс-әрекеттер бағдарламасын бастау қажет. Сонымен қатар, айналымнан тыс актив (немесе істен шығатын топ) оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып, қолайлы баға бойынша өткізуге белсенді түрде ұсынылуы тиіс. Оның үстіне, сатуды аяқталған мәміле ретінде көрсетуі айналымнан тыс активтер (немесе істен шығатын топ) сатуға арналған ретінде жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде күтілуі тиіс.

#### Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар

Қауымдастырылған ұйым – Топ оның қызметіне айтарлықтай әсер ететін ұйым. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес, бастапқы тану кезінде қауымдастырылған ұйымға инвестициялар бастапқы құны бойынша танылады, содан кейін олардың теңгерімдік құны сатып алу күнінен кейін инвестиция нысанының пайда немесе залалындағы инвестордың үлесін тану есебінен ұлғайтылады немесе азайтылады. Инвестордың инвестиция нысанының пайдасы немесе залалындағы үлесі Топтың пайдасы немесе залалы құрамында танылады. Пайданы бөлу нәтижесінде инвестиция нысанынан алынған қаражат инвестицияның теңгерімдік құнын төмендетеді

#### Клирингілік қатысушылардың қаражаты

Клирингілік қатысушылар қаражатының басым бөлігін, операцияларды келесі сауда күнінде жүзеге асыру мақсатында, Топтың корреспонденттік шоттарында есептік күні орналастырылған валюта нарығы мүшелерінің ақшасы құрайды. Сонымен қатар, «Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті» жүзеге асыру қағидалары деген Топтың ішкі құжатына сәйкес, әрбір клирингілік қатысушы қамтамасыз етудің белгілі бір деңгейін сақтауы және Топтың корреспонденттік шотындағы кепілдік жарнаның төленуін қамтамасыз етуі тиіс, сондықтан клирингілік қатысушылардың кейбірі, сауда-саттықты келесі сауда күнінде жүзеге асыру мақсатында, сауда күнінің соңында Топтың корреспонденттік шотында ақша сомаларын қалдырады. Топ оларды клирингілік қатысушылар алдындағы міндеттемелер тен таниды.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Орталық контрагенттің активтері мен міндеттемелері

Топ биржалық сауда-саттықта жасалған барлық мәмілелер бойынша әрбір қатысушының тарапы бола отырып, қор, валюта нарықтарында және деривативтер нарығында орталық контрагент ретінде әрекет етеді және олардың нетто негізде орындалуына кепілдік береді. Мұндай мәмілелер бойынша активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте Топ бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес белгілейтін күнделікті есеп айырысу бағалары негізінде есептелген таза әділ құны бойынша көрсетіледі. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелер есептік кезеңнің соңындағы қор және валюта нарықтарындағы аяқталмаған мәмілелер бойынша орталық контрагенттің активтері мен міндеттемелерін қамтиды.

2023 жылдың 25 қыркүйегінде Топ клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ қор нарығындағы орталық контрагенттің функцияларын 100% «KASE Клиринг орталығы» АҚ еншілес ұйымына (бұдан әрі – еншілес ұйым) берді.

#### Орталық контрагенттің қамтамасыз етуі

Топ жеке және ұжымдық қамтамасыз ету жүйесін пайдалана отырып, қор, валюта нарықтарында және деривативтер нарығында қатысушылардың алдындағы нетто міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді. Қатысушының жеке қамтамасыз етуі оның қаржылық жағдайы негізінде белгіленетін, клирингтік қатысушыға берілген санатқа байланысты толық немесе жартылай болуы мүмкін.

Жартылай қамтамасыз ету талаптарымен жасалатын мәмілелер бойынша жартылай қамтамасыз етумен клирингтік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде, Топ клирингтік шоттарда есепке алынатын мәмілелер, осындай клирингтік қатысушылардың берген өтінімдері бойынша және белгілі бір биржалық нарықтар үшін Топтың ішкі әдістемелерімен белгіленген ерекшеліктерді ескерумен есептелген нетто міндеттемелерді жартылай қамтамасыз етуге талаптарды, сондай-ақ тиісті биржалық нарықта кепілдік жарнаны салуға талаптарды белгілейді. Толық жабу талаптарымен жасалған мәмілелер бойынша жартылай қамтамасыз етумен клирингтік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде, Топ осындай мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған қаржы құралдары бойынша нетто міндеттемелерді толық жабуға қойылатын талаптарды белгілейді. Толық жабумен клирингтік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде, Топ осындай клирингтік қатысушының барлық клирингтік шоттары бойынша нетто міндеттемелерді толық жабу талаптарын белгілейді.

Орталық контрагенттің жартылай қамтамасыз ету мөлшеріне қойылатын талаптар Топтың ішкі әдістемелері негізінде есептеледі және клирингтік қатысушының орталық контрагент алдындағы барлық қаржы құралдары бойынша нетто міндеттемелерінің кредиттік және нарықтық тәуекелінің мөлшерін жабуы тиіс.

Қор нарығында, валюта нарығында және деривативтер нарығында жартылай қамтамасыз ету үшін қабылданатын қаржы құралдары – қатысушылар Топтың корреспонденттік шоттарына аударатын теңге және АҚШ доллары.

Қор нарығында қамтамасыз ету ретінде клирингтік қатысушылар ақшадан басқа Топқы айналыстағы бағалы қағаздарды салады. Бұл бағалы қағаздар қор нарығының әрбір депоненті-клирингтік қатысушысының «Бағалы қағаздардың Орталық депозитарийі» АҚ-дағы дербес шотының қосалқы шоттарында (клиенттік және меншікті) «KASE» бөлімінде қамтамасыз ету ретінде есепке алынады, Топтың активтері болып табылмайды және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді.

Клирингтік қатысушының ашық жайғасымдарын қамтамасыз ету үшін қамтамасыз ету және/немесе маржалық қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда, клирингтік қатысушы қосымша қамтамасыз етуді енгізу немесе ашық жайғасымдар шамасын төмендеуіне әкелетін мәмілелер жасау арқылы Топ қойған талапты орындауға міндетті.

Қамтамасыз етусіз клирингтік қатысушы қамтамасыз ету ұсынбайды және кепілдік жарналар төлемейді.

Клирингтік қатысушыларға мәмілелерді орындаудың ұжымдық қамтамасыз етуі – клирингтік резервтік және кепілдік қорлар. Резервтік қорлар әрбір биржалық нарық үшін топтың меншікті қаражаты есебінен қалыптасады. Кепілдік қорлар клирингтік қатысушылардың Топтың корреспонденттік шотына қосқан клирингтік қатысушылардың кепілдік жарналары негізінде қалыптасады. Белгілі бір биржалық нарықта орталық контрагенттің қатысушымен сауда-саттық режимдерінде жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін пайдаланылатын жекелеген кепілдік қорлары құрылуы мүмкін.

Резервтік қорлар тек осы резервтік қор құрылған белгілі бір биржалық нарықтың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін ғана пайдаланылады. Кепілдік қорлардың қаражаты, биржалық нарықта дефолтты реттеу шеңберінде жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді қоспағанда, Топтың және/немесе оның клирингтік қатысушыларының қандай да бір басқа міндеттемелерін орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдаланыла алмайды. Ұжымдық қамтамасыз ету жеке қамтамасыз ету құралдары жеткіліксіз болған жағдайда ғана қолданылады. Ұжымдық қамтамасыз етуді пайдалану тәртібі Топтың ішкі құжаттарында қарастырылған.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Орталық контрагенттің активтері мен міндеттемелері (жалғасы)

Сауда-саттықты ұйымдастырушы мен орталық контрагенттің тәуекел профилін саралау мақсатында Топ орталық контрагенттің функцияларын Биржадан еншілес ұйымға кезең-кезеңімен беруде.

2023 жылдың 25 қыркүйегінде Биржа клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ қор нарығындағы орталық контрагент функцияларын еншілес ұйымға берді. 2024 жылдың соңына қарай Биржа клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ валюталық және дериватив нарықтарындағы орталық контрагенттің функцияларын еншілес ұйымға беруді жоспарлап отыр.

#### Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері, егер Топтың өткендегі белгілі бір оқиғаның салдарынан олардың реттелуіне үлкен ықтималдық дәрежеде болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуін талап ететін және жеткілікті сенімділік дәрежеде бағалануы мүмкін заңды немесе іс жүзінде уағдалы міндеттемелері бар болса, мойындалады.

#### Зейнетақы төлемдері және қызметкерлерге төленетін басқа да сыйақылар бойынша міндеттемелер

Топтың жұмыс берушінің ағымдағы жарналарын жұмыскерлерге төленетін ағымдағы жалпы төлемдердің пайызы ретінде есептеуді көздейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа, қосымша зейнетақы бағдарламалары жоқ. Бұл шығыстар тиісті еңбекақы жататын есептік кезеңде көрсетіледі. Бұдан басқа, Топ жұмыскерлерге еңбек қызметі аяқталғаннан кейін елеулі сыйақы төлемейді.

#### Капитал

##### *Жарғылық капитал*

Қарапайым акциялар және дискрециялық дивидендтерге құқығы бар өтеуге жатпайтын артықшылықты акциялар меншікті капитал құрамында көрсетіледі. Бизнестерді біріктіру жағдайларынан басқа, жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты үшінші тұлғалардың қызметтер ақысын төлеуге жұмсалған шығындар осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы азайту ретінде меншікті капитал құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан асқан сома қосымша капитал ретінде көрсетіледі.

##### *Меншікті сатып алынған акциялар*

Компания Компанияның акцияларын сатып алған жағдайда, төленген өтеу, соның ішінде табыс салығын шегергенде тиісті мәміле бойынша тиісті шығындар, олар жойылған немесе қайта шығарылған сәтке дейін меншікті сатып алынған акциялар ретінде меншікті капиталдың жалпы сомасынан шегеріледі. Мұндай акциялар кейіннен сатылған немесе қайта шығарылған кезде, алынған өтеу меншікті капитал құрамына қосылады. Меншікті сатып алынған акциялар орташа өлшемді құны бойынша есепке алынады.

##### *Дивидендтер*

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және, егер олар есептік күнін қоса алғанда жарияланған жағдайда ғана, есептік күнге меншікті капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есептік күнге дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есептік күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік шығарылуға бекітілген күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептілікте ашылады.

#### Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді, бұл ретте олар туралы ақпарат, егер оларды өтеуге байланысты ресурстардың кету ықтималдығы екіталай болған жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді, бұл ретте олар туралы ақпарат олармен байланысты экономикалық пайда алу ықтималдығы болған жағдайда қаржылық есептілікте ашылады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Кірістер мен шығыстарды тану

Түсім, егер Топтың экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және түсім сенімді түрде бағаланатын болса, танылады. Түсім қаржылық есептілікте танылуы үшін келесі критерийлер де орындалуы керек:

#### *Пайыздық және соған ұқсас түсім мен шығыстар*

Топ кредиттік құнсызданған қаржылық активтерден басқа, қаржылық активтердің жалпы теңгерімдік құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша немесе БЖТӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтер бойынша пайыздық түсімді есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл ол бойынша дисконттау кезінде есептік болашақ ақша төлемдері немесе түсімдері қаржы құралының күтілетін қызмет ету мерзімі ішінде немесе қолдануға болатын жағдайда неғұрлым қысқа уақыт мезгілі ішінде қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза теңгерімдік құнына дәл келтірілетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын төлеу құқығы) және комиссиялық шығындар немесе тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей қатысты қосымша шығындар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік шығындар есепке алынбайды. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны Топ төлемдер немесе түсімдерді бағалауды қайта қараған кезде түзетіледі. Түзетілген теңгерімдік құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал теңгерімдік құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыс ретінде көрсетіледі.

#### *Комиссиялық кірістер*

Топ клиенттерге көрсететін әртүрлі қызмет түрлерінен комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістерді келесі екі санатқа бөлуге болады:

- *Белгілі бір уақыт мезгілі ішінде қызметтер көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер*

Белгілі бір уақыт мезгілі ішінде қызметтер көрсеткені үшін алынған комиссиялық тиісті орындау міндеттемелері орындалуына қарай осы кезең ішінде орындалуға есептеледі. Мұндай баптар комиссиялық кірістерді, листингілік және клирингілік алымдарды, акпараттық қызметтерді, қашықтықтан қол жеткізу қызметтерін және мүшелік жарналарды қамтиды.

- *Операциялар жасау бойынша қызметтер көрсетуден алынған комиссиялық кірістер*

Үшінші тараптың атынан операция жасау бойынша келіссөздер жүргізу немесе оларға қатысу үшін алынған комиссиялық, мысалы, Топтың орындау міндеттемесі акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу немесе бизнесті сатып алу немесе сату туралы келісім жасау болып табылатын болса, осындай операция аяқталған кезде танылады. Белгілі бір орындау міндеттемелерімен байланысты комиссиялық (немесе комиссиялықтың бір бөлігі) тиісті критерийлер орындалғаннан кейін танылады. Егер шартта айнымалы өтеу қарастырылған болса, комиссиялық кірістер айнымалы өтеуге тән белгісіздік кейіннен шешілген кезде түсімнің жинақталған қорытындысы болып танылған соманың айтарлықтай азаюы орын алмайды деген ықтималдықтың жоғары дәрежесінде ғана танылады.

#### Шетел валютасын қайта санау

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың функционалдық валютасы және есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен ұсынылған. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жасалған күні қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта саналады. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер күні қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта саналады. Шетел валютасындағы операцияларды қайта санау кезінде туындайтын кірістер мен залалдар жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте «Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза кіріс» бабында көрсетіледі. Шетел валютасындағы тарихи құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операция жасалған күні қолданыстағы айырбас бағамы бойынша қайта саналады. Шетел валютасында әділ құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыстағы айырбас бағамы бойынша қайта саналады.

*(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)*

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шетел валютасындағы операция бойынша шарттық айырбас бағамы мен осындай мәміле жасалған күнгі ресми бағам арасындағы айырмашылық шетел валютасындағы операциялар бойынша шығындар шегерілген кіріс құрамына қосылады. 2022 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы ресми бағамдар осындай болды:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
KZT/USD	454.56	462.62
KZT/EUR	502.24	492.86
KZT/RUR	5.06	6.43
KZT/GBP	577.47	556.57

### 4. Маңызды есеп пайымдаулары мен бағалаулары

#### Бағалаудың белгісіздігі

Топтың есеп саясатын қолдану үдерісінде басшылық өз пайымдауларын қолданды және шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған сомаларды белгілеген кезде бағалаулар жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауларды қолданудың маңызды жағдайлары келтірілген:

#### *Қаржы құралдарының әділ құны*

Егер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде белгілеу мүмкін болмаса, ол математикалық үлгілерді қамтитын әртүрлі бағалау үлгілерін пайдаланумен белгіленеді. Мұндай үлгілер үшін бастапқы деректер мүмкіндігінше байқалатын нарық негізінде анықталады; әйтпесе әділ құнды белгілеу үшін пайымдауды қолдану қажет. Қосымша ақпарат 24-ескертепте берілген.

#### *Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау*

Топ қаржылық активтер мен дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастырады. Мұндай резервтердің мөлшерін Топ қаржылық активтерге немесе олардың эмитенттеріне берілген кредиттік рейтингтерге, сондай-ақ қалыптастыру мерзімдері мен дебиторлық берешек мөлшеріне қарай белгілейді.

#### *Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы*

Әрбір есепті кезеңнің соңында Топ өзінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің баланстық құнын осындай активтердің құнсыздану белгілерін анықтау тұрғысынан тексереді. Басшылық ішкі және сыртқы факторларды талдау негізінде есепті күнге ықтимал құнсыздану белгілерінің болуын белгілейді. Құнсыздану белгілері болған жағдайда Топ өтелетін құнды бағалайды. Өтелетін құн сатуға жұмсалған шығындар мен пайдалану құндылығы шегеріле отырып, әділ құнның ең үлкені ретінде айқындалады. Генерациялайтын бірліктің өтелетін құнын айқындау басшылықтың бағаларын пайдалануды көздейді. Пайдалану құнын анықтау үшін пайдаланылған әдістерге ақшалай қаражаттың дисконтталған ағынының әдістері де кіреді. Пайдаланылатын әдіснамаларды қоса алғанда, бұл бағалаулар әділ құнға және сайып келгенде қаржылық емес активтердің кез келген құнсыздану сомасына немесе оны болашақ кезеңдерде қалпына келтіруге елеулі әсер етуі мүмкін.

2023 жылы Топ тәуелсіз бағалаушыны тарта отырып, негізгі құралдарды қайта бағалауды жүргізді. Осы қайта бағалау қорытындысы бойынша негізгі құралдардың баланстық құны әділ құнға жеткізілді (16-ескертепте). 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы және ішкі индикаторларды талдау нәтижелері бойынша Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану белгілерін таппады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



#### 4. Маңызды есеп пайымдаулары мен бағалаулары (жалғасы)

##### Сот талқылаулары

ХҚЕС сәйкес Топ өткен оқиғаларға байланысты ағымдағы міндеттеме болған, экономикалық пайдаларды аудару мүмкін болған және оларды аударуға жұмсалатын шығындар құны сенімді түрде бағаланатын болған жағдайда ғана резервтерді таниды. Егер бұл критерийлер орындалмаса, резервтер есептеп жазылмайды, бұл ретте мұндай шартты міндеттеме шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады. Қазіргі уақытта шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмеген немесе ашылмаған кез келген міндеттеменің туындауы Топтың қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін. Осы бухгалтерлік қағидатты сот талқылауларына қолдану Топ басшылығынан басшылықтың бақылауынан тыс әртүрлі нақты және заңды мәселелер бойынша шешім қабылдауды талап етеді. Топ шешілмеген сот талқылауларын олардың даму барысында өзгерістер пайда болған сайын және әрбір есептік күнде шоғырландырылған қаржылық есептілікте резервтерді құру қажеттілігін бағалау үшін қайта қарайды. Резервтерді құру туралы шешім қабылдау кезінде ескерілетін факторлардың қатарында – қуынымның, шағымның айыппұлдың мәні, заң процесі және сот талқылауы жүріп жатқан, қуыным берілген немесе айыппұл салынған юрисдикциядағы ықтимал залалдың сомасы, сот талқылауының барысы (соның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілік берілген күннен кейін, бірақ ол жарияланғанға дейін), заң кеңесшілерінің пікірлері немесе көзқарастары, осыған ұқсас талқылаулардың бұрынғы тәжірибесі және Топ басшылығының қуынымға, шағымға немесе айыппұлға қалай жауап беруге қатысты кез келген шешімдері.

#### 5. Комиссиялық кірістер

Комиссиялық кірістер келесі жайғасымдарды қамтиды:

	2023 жыл	2022 жыл
Операцияны жүргізгені үшін комиссия	3.011.171	2.094.270
Листингтік алым	917.908	785.374
Клирингтік алым	3.352.257	2.115.913
Мүшелік алым	346.695	309.976
Ақпараттық қызметтер көрсетуден түскен кірістер	255.121	246.226
Қашықтан қол жеткізу қызметінен түскен кірістер	241.430	164.731
<b>Қызмет көрсетуден түскен түсім</b>	<b>8.124.582</b>	<b>5.716.490</b>

##### Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім

Клиенттермен жасалған шарттар бойынша Топтың кірісі негізінен қызмет көрсетуден түскен түсіммен ұсынылады. 2023 жылғы 31 желтоқсанда және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте танылған клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім:

	2023 жыл	2022 жыл
Комиссиялық кірістер	7.628.031	5.305.533
Клиенттермен жасалған шарттар бойынша өзге түсімдер	496.551	410.957
<b>Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімдер жиыны</b>	<b>8.124.582</b>	<b>5.716.490</b>

Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте Топ клиенттермен жасасқан шарттармен байланысты шарт бойынша келесі активтерді және шарт бойынша міндеттемелерді таныды:

	2023 жыл	2022 жыл
Шарт бойынша активтер (басқа активтер құрамында ұсынылған)	803.504	684.862
Шарт бойынша міндеттемелер (алынған аванстар ретінде ұсынылған)	110.840	90.876

Топ, әдетте, комиссиялық алымды олар орындалуға тиісті операция аяқталғанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін бірден жинайды (атқару міндеттемесі белгілі бір уақытта орындалатын шарттарда, мысалы, Биржадағы операциялар үшін комиссиялық сыйақылар). Кезең ішінде орындалатын (листингтік алым сияқты) қызметтер ұсынылған жағдайда, Топ әдетте шарттың жалпы қолданылу мерзімінің тиісті бөлігіне қатысты ай сайын, тоқсан сайын немесе жыл сайын аванс ретінде сомалар алады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**5. Комиссиялық кірістер (жалғасы)**

Топ 15 ХҚЕС (IFRS) 121-тармағында қарастырылған тәжірибелік сипаттағы жеңілдетуді қолданады және бастапқы күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын шарттар бойынша қалған орындау міндеттері туралы ақпаратты ашпайды.

**6. Пайыздық кірістер**

	2023 жыл	2022 жыл
<b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер</b>		
Инвестициялық бағалы қағаздар	6.857.584	3.103.289
«Кері РЕПО» шарттары	10.162.181	2.656.353
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	6.838	14.652
Ақшалай қаражат баламалары	2.226.441	658.147
Қаржылық жалдау	(25.244)	-
<b>Қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс жиыны</b>	<b>19.227.800</b>	<b>6.432.441</b>

**7. Операциялық шығыстар**

	2023 жыл	2022 жыл
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	3.488.731	2.273.863
Тозу және амортизация (16, 17-ескертпелер)	561.763	421.995
Пайдалану құқығы түріндегі негізгі құралдар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар	60.021	-
Әлеуметтік салық	247.912	153.010
Табысқа салынатын салықтан басқа салықтар	263.915	238.377
Негізгі құралдарға және материалдық емес активтерге техникалық қызмет көрсету	441.214	231.411
Банк қызметтері	10.900	32.148
Коммуникациялар және SWIFT қызмет көрсету	42.885	47.948
Ақпараттық қызметтер	71.772	38.669
Бизнесі дамытуға жұмсалатын шығыстар	344.022	117.175
Мүшелік жарналар	34.953	23.156
Кәсіби қызметтер	223.514	164.617
Операциялық жалдау	29.459	36.330
Қызметкерлерді оқыту	18.797	23.421
Иссапарлық шығыстар	62.220	47.183
Сактандыру төлемдері	23.335	1.199
Пошталық және курьерлік қызметтерге жұмсалатын шығыстар	995	2.851
Басқа шығыстар	133.500	136.140
<b>Операциялық шығыстар жиыны</b>	<b>6.059.908</b>	<b>3.989.493</b>



(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**8. Салық салу**

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс келесі баптардан тұрады:

	2023 жыл	2022 жыл
Корпоративтік табыс салығын есептеу – ағымдағы бөлік	2.821.978	1.002.000
Өткен жылдардың корпоративтік табыс салығының түзетімі	(7.015)	(198)
Кейінге қалдырылған салықты есептеу – мезгілдік айырмалардың пайда болуы және азаюы	20.093	154.706
Басқа жиынтық табыс құрамында танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде (негізгі құралдарды қайта бағалау)	(31.920)	(22.489)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс</b>	<b>2.803.136</b>	<b>1.134.019</b>

Топтың кірісіне Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салықтық заңнамаға сәйкес, қолданылатын корпоративтік табыс салығы 2023 және 2022 жылдары 20% құрайды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды және 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайданы салыстырып тексеру келесі түрде көрінеді.

	2023 жыл	2022 жыл
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда</b>	<b>21.321.401</b>	<b>7.953.173</b>
Салықтың нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
<b>Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген салық</b>	<b>4.264.280</b>	<b>1.590.635</b>
Өткен жылдардың корпоративтік табыс салығының түзетімі	(7.015)	(198)
<i>Салық салуға жатпайтын кіріс:</i>		
Мемлекеттік бағалы қағаздар және басқа бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс	(1.464.974)	(548.244)
Басқа салық салынбайтын табыс	(7)	-
<i>Шегеруге жатпайтын шығыстар:</i>		
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	(15.348)	56.550
Мүшелік жарналар	-	101
Жалпы және әкімшілік шығыстар	27.238	19.507
Басқасы	(1.038)	15.668
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс</b>	<b>2.803.136</b>	<b>1.134.019</b>

31 желтоқсандағы кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ тиісті жылдардағы олардың қозғалысы келесі жайғасымдарды қамтиды:

	Мезгілдік айырмалардың пайда болуы және азаюы			Мезгілдік айырмалардың пайда болуы және азаюы			2023 жылғы 31 желтоқсан
	2021 жылғы 31 желтоқсан	Пайда немесе залал құрамында	Басқа жиынтық табыс құрамында	2022 жылғы 31 желтоқсан	Пайда немесе залал құрамында	Басқа жиынтық табыс құрамында	
<b>Шегерілетін мезгілдік айырмалардың салықтық әсері</b>							
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеулер	15.618	(575)	-	15.043	(3.270)	-	11.773
Пайда/залал үлесі	-	(6.909)	-	(6.909)	45.433	-	38.524
Күмәнді талаптар бойынша резерв	-	560	-	560	(560)	-	-
Басқасы	483	(340)	-	143	(143)	-	-
<b>Кейінге қалдырылған салықтық актив</b>	<b>16.101</b>	<b>(7.264)</b>	<b>-</b>	<b>8.837</b>	<b>41.460</b>	<b>-</b>	<b>50.297</b>
<b>Салық салынатын мезгілдік айырмалардың салықтық әсері</b>							
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(205.729)	(124.953)	(22.489)	(353.171)	(29.633)	(31.920)	(414.724)
<b>Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме</b>	<b>(205.729)</b>	<b>(124.953)</b>	<b>(22.489)</b>	<b>(353.171)</b>	<b>(29.633)</b>	<b>(31.920)</b>	<b>(414.724)</b>
<b>Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеме жиыны, нетто</b>	<b>(189.628)</b>	<b>(132.217)</b>	<b>(22.489)</b>	<b>(344.334)</b>	<b>11.827</b>	<b>(31.920)</b>	<b>(364.427)</b>

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**9. Бір акцияға түскен пайда**

Акцияға базалық пайданы есептеу үшін пайдаланылған жай акциялар пайдасының және орташа өлшемді санының көрсеткіштері төменде келтірілген:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Топ акционерлеріне тиесілі жылдағы таза пайда	<b>18.518.265</b>	6.819.154
Акцияға базалық пайданы белгілеуге арналған үшін жай акциялардың орташа өлшемді саны	<b>1.075.231</b>	1.075.231
<b>Акцияға базалық және бытыраңқы кіріс (теңге)</b>	<b>17.222.59</b>	6.342.04

**10. Ақшалай қаражат және оның баламалары**

Ақшалай қаражат және оның баламалары келесі жайғасымдарды қамтиды:

	<u>2023 жылғы 31 желтоқсан</u>	<u>2022 жылғы 31 желтоқсан</u>
Кредиттік ұйымдардағы корреспонденттік шоттар	<b>110.002.508</b>	226.062.892
ҚРҰБ-дегі корреспонденттік шот	<b>75.917.226</b>	42.177.783
ККЗ арналған бағалау резервін шегергенде	<b>(274.801)</b>	(385.372)
<b>Ақшалай қаражат және оның баламалары</b>	<b>185.644.933</b>	267.855.303

Банктердегі корреспонденттік шоттар келесі жайғасымдарды қамтиды:

	<u>2023 жылғы 31 желтоқсан</u>	<u>2022 жылғы 31 желтоқсан</u>
The Bank of New York Mellon	<b>46.149.528</b>	159.032.252
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	<b>52.024.415</b>	59.609.332
Citibank N.A.	<b>7.720.251</b>	4.098.555
«Altyn Bank» АҚ	<b>465.647</b>	68.705
JPMorgan Chase Bank, N.A.	<b>1.319.252</b>	1.431.129
Басқа кредиттік ұйымдар	<b>2.323.415</b>	1.822.919
	<b>110.002.508</b>	226.062.892
ККЗ арналған бағалау резервін шегергенде	<b>(274.801)</b>	(385.372)
<b>Кредиттік ұйымдардағы корреспонденттік шоттар</b>	<b>109.727.707</b>	225.677.520

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламаларының қалдықтары кредиттік тәуекелдің немесе құнсызданудың елеулі ұлғаюының белгілерін көрсетпейді. Жылдағы ККЗ арналған бағалау резервтері өзгерістерінің талдауы төменде келтірілген:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
<b>1 қаңтардағы ККЗ арналған бағалау резерві</b>	<b>(385.372)</b>	(100.227)
Резервтің таза өзгерісі	<b>110.571</b>	(285.145)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>(274.801)</b>	(385.372)

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**11. Кредиттік ұйымдардағы қаражат және «кері репо» операциялары**

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
90 күннен астам мерзімге орналастырылған мерзімді депозиттер	-	162.609
ККЗ арналған бағалау резервін шегергенде	-	(682)
<b>Кредиттік ұйымдардағы қаражат жиыны</b>	<b>-</b>	<b>161.927</b>

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімді депозиттерге «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да орналастырылған 162.609 мың теңге сомасындағы тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылдық 11,25%-дан 11,35%-ға дейінгі қаражат кірді. Депозит 2023 жылдың 2 мамырында өтелді.

ККЗ арналған бағалау резервтерінің өзгерістерін талдау төменде келтірілген:

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
<b>1 қаңтардағы ККЗ арналған бағалау резерві</b>	<b>(682)</b>	<b>-</b>
Резервтің таза өзгерісі	682	(682)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>-</b>	<b>(682)</b>

«Кері РЕПО» операциялары келесі түрде ұсынылған:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Тенгемен	72.029.012	35.551.435
АҚШ долларымен	-	-
<b>«Кері РЕПО» операциялары жиыны</b>	<b>72.029.012</b>	<b>35.551.435</b>

**12. Орталық контрагенттің қаржылық активтері мен міндеттемелері**

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
«РЕПО» және «кері РЕПО» шарттары	2.877.258.922	11.424.940.071
Валюталық операциялар	377.827	344.514.505
<b>Орталық контрагенттің қаржылық активтері мен міндеттемелері жиыны</b>	<b>2.877.636.749</b>	<b>11.769.454.576</b>

Орталық контрагенттің қаржылық активтері валюталық және РЕПО операциялары бойынша дебиторлық берешекті, орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері – Топ орталық контрагент ретінде нарыққа қатысушылармен жасаған тиісті мәмілелер бойынша кредиторлық берешекті білдіреді. Жеке контрагенттердің қарсы талаптары мен міндеттемелерін өзара есепке алу 32 ХҚЕС (IAS) сәйкес жасалады.

Топ сауда-саттықты ұйымдастырушы мен орталық контрагенттің тәуекелдер бейінін ажырату мақсатында орталық контрагенттің функцияларын еншілес ұйымның биржасынан кезең-кезеңімен беруді жүзеге асырады.

2023 жылғы 25 қыркүйекте Биржа клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ еншілес ұйымның қор нарығындағы орталық контрагенттің функцияларын беруді жүзеге асырды. 2024 жылдың соңына дейін Топ еншілес ұйымның биржасынан клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ валюта нарығындағы және туынды құралдар нарығындағы орталық контрагенттің функцияларын беруді жоспарлап отыр.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**13. Инвестициялық бағалы қағаздар**

Инвестициялық бағалы қағаздар келесі жайғасымдарды камтиды::

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
<b>Амортизацияланған құны бойынша есептелетін борыштық бағалы қағаздар</b>		
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	33.603.208	12.056.569
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	14.434.420	19.647.548
АҚШ Қаржы министрлігінің облигациялары	18.533.297	–
Халықаралық ұйымдардың облигациялары	228.559	232.441
ККЗ арналған бағалау резервін шегергенде	(90.722)	(47.322)
<b>Инвестициялық бағалы қағаздар</b>	<b>66.708.762</b>	<b>31.889.236</b>

**14. Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар**

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар келесі жайғасымдарды камтиды:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>		<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	
	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сомасы</i>	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сомасы</i>
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	29.28	18.800	29.28	18.800
«Қырғыз қор биржасы» ЖАҚ	7.05	2.253	9.07	2.253
<b>БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар</b>		<b>21.053</b>	–	<b>21.053</b>

Топ үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды, олар саудалауға арналмаған болып табылатыды деген себеппен, БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдарға инвестициялар ретінде өз қалауы бойынша жіктеді. Мұндай инвестицияларға биржалар мен клирингтік ұйымдардың капиталына міндетті салымдар жатады. «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ коммерциялық емес ұйым болып табылады. «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ бақылаушы акционері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның иелену үлесі 63,24% құрайды. Топ басшылығы Топ «Бағалы қағаздарды орталық депозитарийі» АҚ қызметіне елеулі ықпал тигізбейді деп санайды.

**15. Қауымдастырылған компанияға инвестициялар**

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдастырылған компанияға инвестициялар келесі түрде ұсынылған:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>		<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	
	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сомасы</i>	<i>Иелену үлесі, %</i>	<i>Сомасы</i>
«РТРС» ЖШС	50	107.289	50	125.083

Толығырақ ақпарат 2-ескертпеде берілген.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**16. Негізгі құралдар**

	<i>Ғимарат</i>	<i>Жер</i>	<i>Машина- лар мен жабдық</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Басқасы</i>	<i>Жиыны</i>
<b>Қайта бағаланған құны</b>						
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>	934.333	77.270	760.462	58.926	148.161	1.979.152
Түсімдер	–	–	332.285	–	40.404	372.689
Қайта бағалау әсері	11.705	11.741	–	12.307	–	35.753
Істен шығуы	–	–	(1.388)	–	(2.556)	(3.944)
<b>20212 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>946.038</b>	<b>89.011</b>	<b>1.091.359</b>	<b>71.233</b>	<b>186.009</b>	<b>2.383.650</b>
Қайта бағалау әсері	118.390	(40.174)	–	(8.396)	–	69.820
Түсімдер	–	–	856.870	29.541	81.148	967.559
Істен шығуы	–	–	(124.415)	(6.410)	(30.995)	(161.820)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>1.064.428</b>	<b>48.837</b>	<b>1.823.814</b>	<b>85.968</b>	<b>236.162</b>	<b>3.259.209</b>
<b>Жинақталған амортизация</b>						
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>	(26.074)	–	(403.901)	(17.778)	(122.723)	(570.476)
Қайта бағалау әсері	52.148	–	–	36.284	–	88.432
Жинақталған залалды есепке алу	–	–	–	–	12.494	12.494
Істен шығу	–	–	823	–	90	913
Есептелген амортизация	(26.074)	–	(120.406)	(18.506)	(11.224)	(176.210)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>–</b>	<b>–</b>	<b>(523.484)</b>	<b>–</b>	<b>(121.363)</b>	<b>(644.847)</b>
Қайта бағалау әсері	27.893	–	–	13.328	–	41.221
Істен шығу	–	–	124.415	–	30.773	155.188
Есептелген амортизация	(27.893)	–	(210.846)	(13.328)	(18.601)	(270.668)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>–</b>	<b>–</b>	<b>(609.915)</b>	<b>–</b>	<b>(109.191)</b>	<b>(719.106)</b>
<b>Таза теңгерімдік құны</b>						
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>908.259</b>	<b>77.270</b>	<b>356.561</b>	<b>41.148</b>	<b>25.438</b>	<b>1.408.676</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>946.038</b>	<b>89.011</b>	<b>567.875</b>	<b>71.233</b>	<b>64.646</b>	<b>1.738.803</b>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.064.428</b>	<b>48.837</b>	<b>1.213.899</b>	<b>85.968</b>	<b>126.971</b>	<b>2.540.103</b>

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық өздігінен сұрыпталған негізгі құралдардың бастапқы құны 268.256 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 359.057 мың теңге).

Топтың меншігіндегі жердің, ғимараттардың және көлік құралдарының әділ құнын анықтау үшін, Топ «Тәуелсіз бағалау және заң орталығы» ЖШС тәуелсіз бағалаушы қызметін пайдаланды. Әділ құн нарықта ұсынылатын ұқсас нысандардың құнын ескере отырып, сондай-ақ дисконтталған ақша ағындары әдісін пайдаланумен анықталады. Қайта бағалау күні – 2023 жылдың 28 желтоқсаны. Жердің, ғимараттардың және көлік құралдарының әділ құны туралы толығырақ ақпарат *24-ескертемеде* ашылған.

Егер жерді, ғимараттарды және көлік құралдарының құнын бағалау бастапқы құны бойынша есепке алу үлгісін пайдаланумен жүргізілген болса, теңгерімдік құнның көрсеткіштері келесідей болушы еді:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>		<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>			
	<i>Жер</i>	<i>Ғимарат</i>	<i>Жер</i>	<i>Ғимарат</i>	<i>Жер</i>	<i>Ғимарат</i>
Бастапқы құны	1.628	1.023.223	90.924	1.628	1.023.223	61.424
Жинақталған амортизация		(181.196)	(59.325)	–	(155.615)	(48.500)
<b>Таза теңгерімдік құны</b>	<b>1.628</b>	<b>842.027</b>	<b>31.599</b>	<b>1.628</b>	<b>867.608</b>	<b>12.924</b>

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**17. Материалдық емес активтер**

Төменде материалдық емес активтер баптары бойынша қозғалыс көрсетілген:

	<i>Ішкі әзірленетін бағдарлама- лық жасақтама</i>	<i>Басқа бағдарлама- лық жасақтама және лицензиялар</i>	<i>Басқасы</i>	<i>Аяқталмаған құрылыс</i>	<i>Жиыны</i>
<b>Бастапқы құны</b>					
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>	284.596	1.514.648	6.583	15.762	1.821.589
Түсімдер	–	460.445	26.782	8.207	495.434
Еңбекақының және басқа шығыстардың капиталдануы	82.880	–	–	–	82.880
Аударымдар	–	14.838	2.778	(18.102)	(486)
Істен шығу	(17.065)	(4.631)	–	–	(21.696)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>350.411</b>	<b>1.985.300</b>	<b>36.143</b>	<b>5.867</b>	<b>2.377.721</b>
Түсімдер	–	184.131	7.260	–	191.391
Еңбекақының және басқа шығыстардың капиталдануы	121.907	–	–	–	121.907
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>472.318</b>	<b>2.169.431</b>	<b>43.403</b>	<b>5.867</b>	<b>2.691.019</b>
<b>Жинақталған амортизация</b>					
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>	(179.707)	(327.411)	(6.583)	–	(513.701)
Есептелген амортизация	(42.787)	(213.530)	(1.958)	–	(258.275)
Есептен шығару	6.200	4.197	–	–	10.397
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>(216.294)</b>	<b>(536.744)</b>	<b>(8.541)</b>	<b>–</b>	<b>(761.579)</b>
Есептелген тозу	–	(286.768)	(4.330)	–	(291.098)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>(216.294)</b>	<b>(823.512)</b>	<b>(12.871)</b>	<b>–</b>	<b>(1.052.677)</b>
<b>Таза теңгерімдік құны</b>					
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>104.889</b>	<b>1.187.237</b>	<b>–</b>	<b>15.762</b>	<b>1.307.888</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>134.117</b>	<b>1.448.556</b>	<b>27.602</b>	<b>5.867</b>	<b>1.616.142</b>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>256.024</b>	<b>1.345.919</b>	<b>30.532</b>	<b>5.867</b>	<b>1.638.342</b>

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған материалдық емес активтердің бастапқы құны 325.880 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 315.815 мың теңге).

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



Кеңсе бөлмелері

**18. Пайдалану құқығы түріндегі активтер**

<b>Бастапқы құны</b>		
2022 жылғы 31 желтоқсан		–
Түсімдер		210.911
Істен шығуы		
2023 жылғы 31 желтоқсан		210.911
<b>Жинақталған амортизация</b>		
2022 жылғы 31 желтоқсан		–
Бір жылға есептеулер		(60.021)
Істен шығу кезінде алынды		
2023 жылғы 31 желтоқсан		(60.021)
<b>Таза баланстық құн</b>		
2022 жылғы 31 желтоқсанға		–
2023 жылғы 31 желтоқсанға		150.890

Топ кеңсе кеңістігін орташа жалдау мерзімі 3 жылға жалға алады.

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Пайда мен залал құрамында танылған сомалар		
Пайдалану құқығы түріндегі активтердің амортизациясына жұмсалған шығыстар	60.021	–
Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар	25.244	–

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 19. Берілген аванстар

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген аванстар 434.823 мың теңге құрады, соның ішінде 2018 жылғы 10 қазандағы стратегиялық келісім шеңберінде биржалық сауданы жүргізу үшін және клирингті жүзеге асыру үшін бағдарламалық өнімдерді сатып алуға «Московская Биржа ММВБ-РТС» ЖАҚ (бұдан әрі - МОЕХ) берілген 344.035 мың теңге мөлшеріндегі аванс.

## 20. Басқа активтер мен міндеттемелер

Басқа активтер келесі жайғасымдарды қамтиды:

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Басқа қаржылық активтер</b>		
Алынатын комиссиялық сыйақылар	194.084	172.454
Клирингтік операциялар бойынша қызметтерден түскен кіріс	393.774	279.396
Ақпараттық қызметтерден алынатын кіріс	166.819	174.518
Алынатын листингтік сыйақылар	32.561	50.111
Алынатын мүшелік жарналар	7.554	5.927
Қашықтықтан қол жеткізу қызметтерінен алынатын кіріс	20.245	13.654
Алынатын айыппұлдар мен өтемпұлдар	992	768
<b>Басқа қаржылық активтер жиыны</b>	<b>816.029</b>	<b>696.828</b>
<b>ККЗ арналған бағалау резервін шегергенде</b>	<b>(12.525)</b>	<b>(11.966)</b>
<b>Басқа қаржылық активтер жиыны</b>	<b>803.504</b>	<b>684.862</b>
<b>Басқа қаржылық емес активтер</b>		
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	84.160	20.747
Болашақ кезеңдердің шығыстары	121.640	89.319
Тауарлық-материалдық қорлар	39.507	16.391
Демалыстар бойынша аванстар	5.952	3.778
Басқасы	573	162
<b>Басқа қаржылық емес активтер жиыны</b>	<b>251.832</b>	<b>130.397</b>
<b>Басқа активтер жиыны</b>	<b>1.055.336</b>	<b>815.259</b>

Басқа міндеттемелер келесі жайғасымдарды қамтиды:

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Басқа қаржылық міндеттемелер</b>		
Кредиторлық берешек	156.773	129.286
Төленетін дивидендтер	2.203	2.203
<b>Басқа қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>158.976</b>	<b>131.489</b>
<b>Басқа қаржылық емес міндеттемелер</b>		
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеулер	58.426	73.583
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	215.057	129.368
Басқасы	55.868	24.594
<b>Басқа қаржылық емес міндеттемелер жиыны</b>	<b>329.351</b>	<b>227.545</b>
<b>Басқа міндеттемелер жиыны</b>	<b>488.327</b>	<b>359.034</b>

## 21. Клирингтік қатысушылардың қаражаты

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клирингтік қатысушылардың қаражаты деривативтер нарығындағы клирингке қатысушылардың нетто міндеттемелерін, қор және валюта нарықтарындағы мәмілелерді қамтамасыз ету болып табылатын кепілдік және маржалық жарналарымен ұсынылған.

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Валюта және қор нарықтары бойынша қамтамасыз етулер	282.590.546	308.443.419
Валюта нарығы бойынша кепілді жарналар	656.000	629.000
Қор нарығы бойынша кепілді жарналар	745.500	620.000
Деривативтер нарығы бойынша кепілді жарналар	57.000	48.000
Деривативтер нарығы бойынша қамтамасыз ету	140.366	3.068.924
<b>Клирингтік қатысушылардың қаражаты жиыны</b>	<b>284.189.412</b>	<b>312.809.343</b>



(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**21. Клирингілік қатысушылардың қаражаты (жалғасы)**

Қаражатты келесі клирингілік қатысушылар орналастырды.

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Екінші деңгейдегі қазақстандық банктер	234.971.639	238.476.019
Басқа қаржы ұйымдары	45.876.973	61.186.074
Халықаралық банктік есеп айырысу және кредит институты	3.340.800	13.147.250
<b>Клирингілік қатысушылардың қаражаты жиыны</b>	<b>284.189.412</b>	<b>312.809.343</b>

**22. Жалға алу бойынша міндеттемелер**

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Міндеттемелер мерзімінің түрі		
Қысқа мерзімді	90.696	-
Ұзақ мерзімді	86.914	-
<b>Жалғалу бойынша міндеттемелер жиыны</b>	<b>177.610</b>	

**Жалға алу міндеттемесі**

<b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>	-
Түсімдер	210.911
Негізгі жалға алу қарызын төлеу	(40.033)
Сыйақы төлеу	(25.244)
Сыйақылар	25.244
Қысқа мерзімді жалға алу бойынша берешекті ұлғайту	6.732
<b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>177.610</b>

Топ жалдау міндеттемелеріне қатысты өтімділік тәуекеліне тап болмайды.

**23. Жарғылық капитал**

Компанияның жарғылық капиталы жай акциялардың келесі санымен ұсынылған:

	<i>Шығарылған акциялардың саны</i>	<i>Сатып алынған акциялардың саны</i>	<i>Айналыс- тағы акциялар- дың саны</i>	<i>Жарғылық капитал</i>	<i>Меншікті сатып алынған акциялар</i>
2021 жылғы 31 желтоқсан	1.075.231	-	1.075.231	4.189.030	-
2022 жылғы 31 желтоқсан	1.075.231	-	1.075.231	4.189.030	-
2023 жылғы 31 желтоқсан	1.075.231		1.075.231	4.189.030	

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған жай акциялардың жалпы саны 5.000.000 дана құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 5.000.000 дана), жарияланған акциялар 1.075.231 дана санында орналастырылып, толық төленді.

**Басқа резервтердің сипаты мен мақсаты***Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві*

Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві жердің, ғимараттардың және көлік құралдарының әділ құнының ұлғаюын, сондай-ақ осы құнның азаюын көрсету үшін пайдаланылады, бірақ мұндай азаю бұрын меншікті капиталдың құрамында көрсетілген дәл сол актив құнының алдыңғы ұлғаюына байланысты болатын дәрежеде ғана қолданылады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 23. Жарғылық капитал (жалғасы)

Әділ құн резерві

Бұл резерв БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтердің әділ құнының өзгеруін көрсетеді.

Резервтік қор

Резервтік қор клирингтік ұйым (орталық контрагент) қызметінің тәуекелдерін төмендету үшін «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қалыптастырылады. Топтың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі отырысында резервтік қорды 708.000 мың теңгеге ұлғайту туралы шешім қабылданды. Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы отырысында 2023 жылға арналған клирингтік кепілдік және резервтік қорлардың жеткіліктілігін бағалау қаралды. 2023 жылға арналған клирингтік қорлардың жеткіліктілігін бағалау нәтижелеріне сәйкес валюта нарықтарының, сондай-ақ туынды құралдар нарығының клирингтік резервтік қорларын толықтыру қажеттілігінің жоқтығы анықталды.

Өзге резервтердің баптары бойынша қозғалыс

Төменде басқа резервтердің баптары бойынша қозғалыс берілген:

	Негізгі құралдарды қайта бағалау		Резервтік қор
	Әділ құн резерві	резерві	
<b>2022 жылғы 1 қаңтарда</b>	–	90.986	3.170.000
Негізгі құралдарды қайта бағалау	–	101.698	–
Салықтарды шегергендегі қайта бағалау резервінің амортизациясы	–	(9.026)	–
Резервтік қордың ұлғаюы	–	–	–
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанда</b>	–	183.658	3.170.000
Негізгі құралдарды қайта бағалау	–	80.844	–
Салықтарды шегергенде, қайта бағалау резервін амортизациялау	–	(17.802)	–
Резервтік қордың ұлғаюы	–	–	708.000
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанда</b>	–	246.700	3.878.000

### 24. Келісімдік және шартты міндеттемелер

Операциялық орта

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап бере алатын экономикалық реформалар және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Болашақта Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкіметтің экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қабылдап жатқан шараларының тиімділігіне байланысты болады.

Қазақстан экономикасына мұнай бағасының төмендеуі және теңгенің негізгі шетел валюталарына қатысты құбылмалылығы кері әсерін тигізуде. Теңгедегі пайыздық мөлшерлемелер жоғары деңгейде қалып отыр. Осы факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының өсуіне, сондай-ақ одан әрі экономикалық өсуге қатысты белгісіздіктің артуына әкелді, бұл Топтың қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелеріне және экономикалық келешегіне жағымсыз ықпал тигізуі мүмкін. Топ басшылығы ағымдағы жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін тиісті шараларды қабылдап жатыр деп есептейді.

Салық салу

Қазақстан Республикасындағы салық шарттары өзгертулерге және дәйексіз қолданылу мен түсіндірілуге ұшырап тұрады. Топтың және қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен ережелерді түсіндіруіндегі сәйкессіздіктер қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептеуге әкелуі мүмкін.

Қазақстандық салық заңнамасы мен салық салу тәжірибесі үздіксіз даму жағдайында болып тұрады, сондықтан әртүрлі түсіндірмелер мен жиі өзгерістерге ұшырайды, олардың кері күші болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда салық салу базасын белгілеу мақсатында, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының тиісті ХҚЕС ережелерін түсіндіруі басшылықтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданған есеп саясаттарынан, пайымдауларынан және бағалауларынан өзгеше болуы мүмкін, бұл Банктің қосымша салық міндеттемелері туындауына әкелуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде ретроспективті тексеруді жүргізе алады. Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндірулері қолайлы болып табылады және Топтың салық ұстанымы негізді деп санайды.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 24. Келісімдік және шартты міндеттемелер (жалғасы)

### Сот талқылаулары

Қалыпты қызмет барысында Топ сот қуынымдары мен шағымдарының нысаны болады. Басшылықтың пікірінше, мұндай қуынымдар немесе шағымдар нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (бар болған жағдайда) Топтың қаржылық жағдайына немесе болашақтағы қызмет нәтижелеріне елеулі жағымсыз әсер етпейді.

## 25. Тәуекелдерді басқару саясаты

### Кіріспе

Тәуекелдерді басқару Топ қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Топ қызметіне тән негізгі тәуекелдер:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел;
- валюталық тәуекел;
- операциялық тәуекел.

Топ тәуекелдерді басқарудың тиімді және әсерлі үдерісінің бар болу маңыздылығын мойындайды. Тәуекелдерді басқарудың тиімді және әсерлі саясатын қамтамасыз ету үшін Топ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарын белгіледі, олардың негізгі мақсаты Топты қазір бар тәуекелдерден қорғау және жоспарланған нәтижелеріне жетуге мүмкіндік беру болып табылады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: тәуекелдер көздерін анықтау, тәуекелдер деңгейін өлшеу, тәуекелдерді басқару саласындағы саясаттар мен ережелерді әзірлеу және бақылау тетіктерін енгізу, оның ішінде лимиттерді белгілеу және оларды одан әрі орындау.

Тәуекелдерді басқару саясаты, тәуекел оқиғаларын сәйкестендіру, бағалау, оларға мониторинг жүргізу және жауап қайтару тәртібі, сондай-ақ Топтың қаржылық және операциялық тәуекелдерін басқару тәртібі Топтың тиісті ішкі құжаттарымен реттеледі.

Бұдан әрі Топтың негізгі тәуекелдерін басқаруға қатысты сипаттама келтіріледі.

### *Тәуекелдерді басқару құрылымы*

Директорлар кеңесі тәуекелдерді белгілеу және бақылау үшін жалпы жауапкершілік көтереді, сонымен қатар тәуекелдерді басқаруға және бақылауға жауапты жеке тәуелсіз органдар да бар.

### *Директорлар кеңесі*

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеу, тәуекел түрлері бойынша саясат тұжырымдамасының қағидаттарын және лимиттерді бекіту үшін жауапкершілік көтереді. Сонымен бірге, Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың маңызды мәселелеріне жауапты, тәуекелдерге қатысты қабылданған тиісті шешімдердің орындалуын бақылайды және оларды бақылауды жүзеге асырады.

### *Басқарма*

Басқарма Биржада тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік алады.

### *Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет*

Биржаның алқалы кеңесші органы, оның ең аз талап етілетін құрамын Басқарма белгілейді, жеке құрамы Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі функциялары – қаржы нарықтарындағы жағдайға, Биржа қызметіне, оның контрагенттері – Биржа мүшелеріне, клирингілік қатысушыларға, эмитенттерге және инвесторларға байланысты тәуекелдерді талдау, мониторинг жүргізу, анықтау және басқару, сондай-ақ Биржа Басқармасына ұсыныстар дайындау.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 25. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Кіріспе (жалғасы)

#### *Инвестициялық комитет*

Биржаның алқалы органы, оның құрамын Басқарма бекітеді. Инвестициялық комитеттің негізгі функциялары – Биржа активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау бойынша инвестициялық шешімдер қабылдау және инвестициялаумен байланысты қаржылық тәуекелдер деңгейін барынша азайтуды қамтамасыз ету.

#### *Тәуекелді азайту*

Тәуекелдерді басқару аясында Топ пайыздық мөлшерлемелердің, айырбас бағамдарының, акциялар бағасының өзгеру тәуекелінің, кредиттік тәуекелдің және болжамды мәмілелер бойынша жайғасымдардың өзгеруінен туындайтын жайғасымдарды басқару үшін туынды құралдарды және басқа құралдарды пайдаланады. Топ өзінің кредиттік тәуекелін азайту үшін қамтамасыз етуді белсенді пайдаланады.

#### *Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануы*

Тәуекелдің шоғырлануы бірқатар контрагенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырғанда немесе қызметтерін бір географиялық аймақта жүргізгенде, немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болғанда және экономикалық, саяси және басқа да жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде осы контрагенттердің келісімдік міндеттемелерді орындау қабілетіне ұқсас әсер еткенде пайда болады. Тәуекелдің шоғырлануы белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін жағдайлардың өзгеруіне Топтың қызмет нәтижелерінің салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін, Топтың саясаты мен рәсімдері әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттарды қамтиды. Белгіленген тәуекелдің шоғырлануын басқару жүзеге асырылады.

### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл Топтың клиенттері немесе контрагенттері өзінің шарттық міндеттемелерін орындамағанынан туындаған қаржылық залалы пайда болу тәуекелі. Топ жекелеген контрагенттер бойынша Топ қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуына мониторинг жүргізу арқылы кредиттік тәуекелді басқарады. Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген активтерді инвестициялау саясатына сәйкес, активтер түрлері, өтімділік дәрежесі, кірістілік деңгейі, мерзімділігі бойынша әртараптандырылған, кірістілігі мен тәуекелі бойынша теңгерілген қаржы құралдарының портфельдерін қалыптастыру жүзеге асырылады. Активтерді инвестициялау саясатына сәйкес, Биржа ай сайын Биржаның инвестициялық портфельдеріне талдау жасайды, бұл ретте Тәуекелдерді басқару бөлімі тоқсан сайын инвестициялық портфельдердің жай-күйіне және олардың тәуекелдерге ұшырағыштығына талдау жүргізеді, соның ішінде қаржы құралдарының дефолт ықтималдығын анықтайды, сондай-ақ Биржаның инвестициялық портфельдеріне стресс- және бэк-тестілеу жүргізеді.

#### *Орталық контрагентпен жасалатын операциялар*

Орталық контрагенттің қызметін атқара отырып, Биржа сондай-ақ клирингілік қатысушылардың өз міндеттемелерін орындамау тәуекелдерін өз мойнына алуына және сонымен бірге әрбір адал клирингілік қатысушысы алдындағы өз міндеттемелерін орындауға кепілдік беруіне байланысты кредиттік тәуекелдерге ұшырайды. Орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде кредиттік тәуекелді басқару мақсатында, Биржа клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына Биржаның ішкі әдістеріне сәйкес белгіленген сенімділік деңгейі жоғары эмитенттердің ақшасы мен өтімді бағалы қағаздарын қамтитын қабылданатын қамтамасыз етудің түрлері мен сапасына талаптарды орнатады. Биржа өз контрагенттерін және қабылданған тәуекел деңгейін теңгерімді бағалауды қамтамасыз ететін ішкі рейтинг жүйесін әзірледі және үнемі жетілдіріп отырады. Контрагенттерді бағалау контрагенттердің қаржылық жағдайын, ақпараттық ашықтық деңгейін, іскерлік беделін және басқа да қаржылық және қаржылық емес факторларды жан-жақты терең бағалау негізінде жүзеге асырылады. Биржа орталық контрагент ретінде әрекет ететін операцияларға байланысты кредиттік тәуекелді азайту үшін, Биржа халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және әртүрлі қорғаныс желілерінен тұратын көп деңгейлі, сатылы қамтамасыз ету пулының құрылымын енгізді. Сауда-саттыққа қатысушы тарапынан Биржаның кредиттік тәуекелі Биржаның «төлемге-қарсы-жеткізу» қағидатымен жүретін сауда-саттық бойынша төлемдерді жүзеге асыруы арқылы азайтылады.

*(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)*

## 25. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### *Туынды қаржы құралдары*

Туынды қаржы құралдарымен байланысты кредиттік тәуекел кез келген уақыт сәтінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған оң әділ құны бар туынды құралдармен шектеледі.

#### *Құнсыздану*

Топ тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның болжалды мәнін пайдалана отырып дисконтталатын күтілетін ақшалай қаражаттың түгел алынбауын бағалау үшін күтілетін кредиттік залалдарды (ККЗ) есептейді. Ақшалай қаражаттың түгел алынбауы – бұл шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары мен ұйым алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмашылық. ККЗ есептеу механикасы төменде сипатталған, ал оның негізгі элементтері келесі:

**Дефолт ықтималдығы (PD)** *Дефолт ықтималдылығы* берілген уақыт аралығында дефолт басталу ықтималдығының есептік бағалауы болып табылады. Дефолт, егер активті тану тоқтатылмаса және ол әлі де портфельдің бөлігі болып табылса, қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір уақыт мезгілінде ғана орын алуы мүмкін.

**Дефолт тәуекеліне ұшырағыш шама (EAD)** *Дефолт тәуекеліне ұшырағыш шама* есептік күннен кейін осы шамада күтілетін өзгерістерді, оның ішінде негізгі борыш сомасын және шартта немесе басқаша түрде көзделген пайыздарды төлеуді, берілген қарыздар бойынша күтілетін өтеулерді және төдемдердің мерзімі кешіктірілу нәтижесінде есептелген пайыздарды ескере отырып, қандай да бір болашақ күндегі дефолтқа ұшырағыш шаманы есептік бағалау болып табылады.

**Дефолт кезіндегі жоғалтулар деңгейі (LGD)** *Дефолт кезіндегі жоғалтулар деңгейі* белгілі бір уақыт мезгілінде дефолт басталған жағдайда пайда болатын залалды есептік бағалау болып табылады. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтетін, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесіндегі, ақша ағындары арасындағы айырмашылық негізінде есептеледі. Әдетте EAD қатысты пайызда көрсетіледі.

#### *Құнсыздану (жалғасы)*

Дебиторлық берешекке қатысты Топ стандартпен көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданады және пайда болуы активтің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдардың (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залал немесе бүкіл мерзім үшін ККЗ) негізінде ККЗ арналған резервті есептейді. Биржа кредиттік залалдар пайда болудың өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, қарыз алушыларға тән болжамды факторлар мен жалпы экономикалық жағдайларды есепке алумен түзетілген бағалау резервтері матрицасын қолданды. Басқа борыштық қаржылық активтер жағдайында ККЗ 12 ай үшін есептеледі. Алайда, бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы байқалса, залалға арналған бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада бағаланады.

#### *Дефолтты анықтау*

Егер жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті күндізгі төлемдер операциялық күн жабылған сәтте жасалмаса, Топ банктердегі қаражатқа қатысты дефолт орын алды деп есептейді және оны жою бойынша шұғыл шаралар қабылдайды.

#### *Қазынашылық және банкаралық қатынастар*

Топтың қазынашылық қатынастары қаржылық қызмет көрсету ұйымдары, банктер, брокер-дилерлер, биржалар және клирингтік ұйымдар сияқты контрагенттермен қатынастарды қамтиды. Мұндай қатынастарды бағалау үшін Топтың кредиттік тәуекел департаменті қаржылық есептілік сияқты жалпыға қолжетімді ақпаратты және сыртқы рейтингтер сияқты басқа сыртқы көздерден алынған деректерді талдайды.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 25. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Топ кредиттік рейтингтің келесі деңгейлерін қолданады:

<i>Сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктің рейтингі (Fitch)</i>	<i>Рейтинг деңгейінің сипаттамасы</i>	<i>Бүкіл мерзім бойынша PD</i>
AA+ AAA дейінгі AA	Жоғары рейтинг	0-2%
A+ AA- дейінгі A- BBB+ BBB BBB- BB+		
BB- BB дейінгі B- B+ дейінгі CCC	Стандартты рейтинг	2-14%
CCC- D		
	Стандарттыдан төменгі рейтинг Құнсызданған	14-100% 100%

#### *Кредиттік тәуекелге ең көп ұшырағыштық*

Қаржылық жағдай туралы бірлестіріліген есептегі баптардың теңгерімдік құны, оның ішінде туынды құралдар, неттинг туралы бас келісімдерді және қамтамасыз ету ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудан туындайтын тәуекелді азайтудың әсерін есепке алусыз, сол баптар бойынша кредиттік тәуекелге ең үлкен мөлшерін барынша дәл көрсетеді.

Әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары үшін олардың теңгерімдік құны кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін, бірақ болашақта құнның өзгеруінен туындауы мүмкін тәуекелді ең үлкен мөлшерін емес білдіреді.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**25. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)****Кредиттік тәуекел (жалғасы)***Кредиттік тәуекелге ең көп ұшырағыштық (жалғасы)*

Бұдан әрі Топтың қаржылық активтерінің кредиттік рейтингтер бойынша жіктелуі ұсынылған.

	<i>AA</i>	<i>AA-/A+</i>	<i>BBB</i>	<i>BBB-</i>	<i>&lt;BBB-</i>	<i>Кредиттік рейтинг берілмеген</i>	<i>Жиыны</i>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>							
Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақшалай қаражат және оның баламалары		106.666.746	25.738	78.911.353	41.096	-	185.644.933
Банктердегі қаражат «Кері РЕПО» операциялары	-	-	-	60.440.647	11.588.365	-	72.029.012
Инвестициялық бағалы қағаздар	18.673.977	-	-	48.034.785	-	-	66.708.762
Басқа қаржылық активтер	-	-	-	-	-	803.504	803.504
<b>Жиыны</b>	<b>18.673.977</b>	<b>106.666.746</b>	<b>25.738</b>	<b>187.386.785</b>	<b>11.629.461</b>	<b>803.504</b>	<b>325.186.211</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсан</b>							
Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақшалай қаражат және оның баламалары	158.912.580	5.526.216	-	103.389.812	26.695	-	267.855.303
Банктердегі қаражат «Кері РЕПО» операциялары	-	-	-	161.927	35.551.435	-	161.927
Инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	-	31.889.236	-	-	31.889.236
Басқа қаржылық активтер	-	-	-	-	-	684.862	684.862
<b>Жиыны</b>	<b>158.912.580</b>	<b>5.526.216</b>	<b>-</b>	<b>170.992.410</b>	<b>26.695</b>	<b>684.862</b>	<b>336.142.763</b>

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл қалыпты немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімдері басталған кезде Топ төлемдер бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайды деген тәуекел. Бұл тәуекелді шектеу мақсатында басшылық қолданыстағы банк салымдарының ең төменгі сомасына қосымша әртүрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сонымен қатар өтімділікті ескере отырып активтерді басқаруды жүзеге асырады және болашақ ақша ағындары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізеді. Бұл үдеріс күтілетін ақша ағындарын бағалауды және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етуді қамтиды.

*Өтімділік тәуекелін басқару*

Орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыру кезінде өтімділік тәуекелін басқару аясында Топ келесі құралдарды пайдаланады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот бойынша валюта нарығындағы овердрафт, тікелей РЕПО операциялары және шартты түрде қысқамерзімді валюталық своп деп аталатын шетел валютасымен жасалатын адресстік операциялар.

Топтың уақытша бос меншікті активтері екі жылдан аспайтын мерзімге екінші деңгейдегі банктердегі салымдарда орналастырылған. Топтың салымдарын орналастыруға болатын екінші деңгейдегі банктердің тізбесі Биржаның Инвестициялар жөніндегі комитетімен жүйелі түрде қаралып, бекітілді.

Бұл ретте инвестициялық портфельді құрайтын инвестициялық нысандарды әртараптандыру Топтың инвестициялық портфелінде өтеу мерзімі бірдей қаржылық активтердің шоғырлануы нәтижесінде туындайтын жоғалтулар тәуекелдерін жоқа шығару мақсатында жүзеге асырылады.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**25. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)***Өтімділік тәуекелін басқару (жалғасы)*

Топ саясатына сай, сауда-саттыққа қатысушылардың қаражаты ешқандай құралдарға орналастырылмайды, олар Биржаның корреспонденттік шоттарында сақталады. Валюта нарығында өтетін биржалық сауда-саттық барысында туындайтын өтімділік тәуекелі Биржа сауда-саттыққа қатысушылардың нетто талаптары бойынша төлемдерді «төлемге-қарсы-жеткізу» қағидаты бойынша жүзеге асыру арқылы азайтылады, бұл ретте есеп айырысу ережелерін бұзған қалған сауда-саттыққа қатысушыға ақша аударылмайды, олар Биржаның корреспонденттік шоттарында қалады. Оның үстіне, мерзімді мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелін барынша азайту мақсатында мерзімді нарық қатысушылар кепілдікті қорларын құрған, ал Биржа резервтік қорды құрған, олардың мөлшері ішкі әдістемелер бойынша есептеледі.

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері шарттық дисконтталмаған өтеу міндеттемелеріне негізделген өтеуге дейін қалған мерзімдері бойынша көрсетілген.

2023 жылғы 31 желтоқсан	1 айдан				Жиыны
	кем	1-3 ай	3-12 ай	1-5 жыл	
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
Клирингілік қатысушылардың қаражаты	284.189.412	-	-	-	284.189.412
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	25.398	80.114	101.595	207.107
Басқа қаржылық міндеттемелер	156.773		2.203	-	158.976
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>284.346.185</b>	<b>25.398</b>	<b>82.317</b>	<b>101.595</b>	<b>284.555.495</b>

2022 жылғы 31 желтоқсан	1 айдан				5 жыл- дан астам	Өтеу мерзімі жоқ	Жиыны
	кем	1-3 ай	3-12 ай	1-5 жыл			
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>							
Клирингілік қатысушылардың қаражаты	312.809.343	-	-	-	-	-	312.809.343
Басқа қаржылық міндеттемелер	129.286	-	2.203	-	-	-	131.489
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>312.938.629</b>	<b>-</b>	<b>2.203</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>312.940.832</b>

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – Топ ұшырайтын нарық параметрлерінің өзгерістері, соның ішінде пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валютасының айырбас бағамдарының, қаржы құралдарының бағалары өзгеруі салдарынан, сондай-ақ жайғасымдарды, оның ішінде орталық контрагентпен режимдерде жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қатысушылардың ашық жайғасымдарын жоюға кететін шығындар себебінен нарықтық өтімділіктің төмен болуы салдарынан залалдар пайда болу тәуекелі.

Орталық контрагент нарықтық тәуекелді басқару үшін қаржы құралдарының тәуекелдік параметрлерін анықтау жүйесі, белгілі бір биржалық нарықтарда клирингілік қатысушылардың жайғасымдарын ашу лимиттері, жартылай қамтамасыз етумен клирингілік қатысушылар үшін қамтамасыз етудің жеткіліктілігін/маржалық қамтамасыз етуді бақылау, толық жабылумен клирингілік қатысушылар үшін туындайтын міндеттемелердің толық жабылуын бақылау, қамтамасыз ету құнын/маржалық қамтамасыз етуді және жартылай қамтамасыз етумен клирингілік қатысушылардың нетто жайғасымдарын қайта бағалау, жартылай қамтамасыз етумен мәмілелерге рұқсат беру үшін қаржы құралына талаптарды белгілеу сияқты тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін пайдаланады.



(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 25. Тәуекелдерді басқару саясаты (жалғасы)

### Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – валюта айырбас бағамының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі. Топтың қаржылық жағдайы мен ақша ағындары валюта айырбас бағамдарының ауытқуына ұшырайды.

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша елеулі жайғасымдары бар валюталар көрсетілген. Жүргізілген талдау теңгеге қатысты айырбас бағамдарының ықтимал өзгеруінің жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке әсерін есептеуден тұрады (әділ құны валюта бағамы өзгеруіне сезімтал, саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелердің бар болуына байланысты). Меншікті капиталға әсер жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептегі әсерден айырмашылығы жоқ. Кестедегі теріс сомалар жиынтық табыс немесе меншікті капитал туралы шоғырландырылған есептегі ықтимал таза төмендеуді көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза өсуді көрсетеді.

<i>Валюта</i>	<i>2023 жыл</i>		<i>2022 жыл</i>	
	<i>Валюта бағамының өзгеруі, %</i>	<i>Салық салуға дейінгі кіріске әсер етуі</i>	<i>Валюта бағамының өзгеруі, %</i>	<i>Салық салуға дейінгі кіріске әсер етуі</i>
АҚШ доллары	14% (12%)	152.434 (130.658)	14% (-11%)	76.609 (60.193)
Еуро	14% (12%)	6.345 (5.439)	14% (-11%)	306 (-283)

### Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – бұл жүйенің бұзылуы, персоналдың қателері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызмет етуді тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, заңды салдары болуы немесе қаржылық залалға әкелуі мүмкін. Топ барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжау шығара алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен, қадағалау арқылы және ықтимал тәуекелдерге тиісті жауап қайтару жолымен Топ мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және келісу рәсімдерін, қызметкерлерді оқытуды және бағалау рәсімдерін тиімді бөлуді қарастырады. Тәуекелдерге мониторинг жүргізуді тәуекелдерді басқару бөлімшесі жүзеге асырады. Топтың үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігі мен қалпына келтіру саясаты мен рәсімдері әзірленген.

## 26. Әділ құнды бағалау

### Әділ құн иерархиясы

Топ бағалау үлгісіне байланысты қаржы құралдарының әділ құнын белгілеудің және ол туралы ақпаратты ашудың келесі иерархиясын қолданады:

- ▶ 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілері (түзетілмеген).
- ▶ 2-деңгей: есепте көрсетілген әділ құнға елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректер тікелей немесе жанама түрде байқалатын болып табылатын басқа үлгілер.
- ▶ 3-деңгей: есепте көрсетілген әділ құнға елеулі әсер ететін бастапқы деректердің барлығы нарықта байқалмайтын болып табылатын үлгілер.

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**26. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтің немесе міндеттеменің табиғаты сипаттамалары және тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелердің жіктелуін, сондай-ақ әділ құн иерархиясындағы деңгейін анықтады.

		<i>Бастапқы деректерді қолданумен әділ құнын бағалау</i>					<i>Танылма ған пайда/ (залал)</i>	
<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>Бағалау күні</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Жиыны</i>	<i>Әділ құны</i>		
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын активтер</b>								
Басқа жиынтық табысы арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	–	21.053	21.053	21.053	–	
Негізгі құралдар – жер, ғимараттар, көлік құралдары	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	–	1.199.234	1.199.234	1.199.234	–	
<b>Әділ құны ашылатын активтер</b>								
Инвестициялық бағалы қағаздар	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	66.708.762	–	66.708.762	66.751.780	43.018	
<b>Әділ құны ашылатын міндеттемелер</b>								
Жалдау бойынша міндеттемелер	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	86.914	–	86.914	–	–	

		<i>Бастапқы деректерді қолданумен әділ құнын бағалау</i>					<i>Танылма ған пайда/ (залал)</i>	
<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>Бағалау күні</i>	<i>1-деңгей</i>	<i>2-деңгей</i>	<i>3-деңгей</i>	<i>Жиыны</i>	<i>Әділ құны</i>		
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын активтер</b>								
Басқа жиынтық табысы арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	–	21.053	21.053	21.053	–	
Негізгі құралдар – жер, ғимараттар, көлік құралдары	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	–	1.106.282	1.106.282	1.106.282	–	
<b>Әділ құны ашылатын активтер</b>								
Инвестициялық бағалы қағаздар	2022 жылғы 31 желтоқсан	31.889.236	–	–	31.889.236	31.916.099	26.863	

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



## 26. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

### Бағалау үлгілері мен жорамалдар

Қаржылық есептілікте әділ құны бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша бағаланбайтын, бірақ әділ құны ашылатын баптардың әділ құнын белгілеу үшін пайдаланылған үлгілер мен жорамалдар төменде сипатталған.

#### Әділ құны олардың теңгерімдік құнына шамамен тең активтер

Өтімді немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың әділ құны теңгерімдік құнына шамамен тең деп болжанады. Бұл жорамал сондай-ақ белгіленген өтеу мерзімі жоқ талап етілетін салымдар мен жинақ ақша шоттарына да қолданылады.

#### Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер

Бағасы белгіленген облигациялардың әділ құны есептік күнгі белгіленген бағаларға негізделеді. Бағасы белгіленбеген құралдардың, кредиттік ұйымдардағы қаражаттың, клирингтік қатысушылардың қаражатының, басқа қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны, талаптары, кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі ұқсас берешек бойынша қазіргі сәтте бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып, болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

#### Негізгі құралдар – ғимараттар

Жылжымайтын мүлік нысандарының әділ құны нарықпен салыстыру әдісінің және дисконтталған ақша ағындары әдісінің көмегімен анықталды. Бағалаушының нарықпен салыстыру әдісі бойынша жасаған бағалауы нақты жылжымайтын мүлік нысанының сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жағдайындағы айырмашылықтарды ескере отырып айтарлықтай түзетілген нарықтық операциялар бағасына негізделген.

Дисконтталған ақша ағындары әдісі бойынша, әділ құн активтің қызмет ету мерзімі ішінде иеленуге байланысты пайдалар мен міндеттемелерге қатысты жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады. Бұл әдіс жылжымайтын мүлік нысанына қатысу үлесі бойынша ақша ағындарының бірізділігін болжауды қамтиды. Болжалды ақша ағындарының осы бірізділігіне қатысты нарықтық деректер негізінде алынған дисконттау мөлшерлемесі қолданылады, нәтижесінде активке байланысты кіріс ағынының келтірілген құны белгіленеді.

#### Негізгі құралдар – жер

Жылжымайтын мүлік нысандарының әділ құны нарықпен салыстыру әдісінің көмегімен анықталды. Бағалаушының жасаған бағалауы нақты жылжымайтын мүлік нысанының сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жағдайындағы айырмашылықтарды ескере отырып айтарлықтай түзетілген нарықтық операциялар бағасына негізделген.

Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер және әділ құн бойынша бағаланатын 3-деңгейдегі қаржылық емес құралдардың негізгі жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдығы

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған Топ ғимараттарының әділ құнын бағалаудың бақыланбайтын бастапқы деректердегі өзгерістерге сезімталдығы ұсынылғана:

Бақыланбайтын бастапқы деректер	Мәні	Бақыланбайтын бастапқы деректердегі өзгерістер	
		Әділ құнға әсер етуі	
Дисконттау мөлшерлемесі	18, 87%	+1%	(32.601)
		-1%	37.029

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**27. Қаржы құралдарын өзара есепке алу**

Төмендегі кестелерде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық міндеттемелерге қарсы өзара есепке алынған қаржылық активтер, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есеп алуға әкелмейтін, заңды қорғаумен қамтамасыз етілген неттинг туралы бас келісімдердің және ұқсас келісімдердің (ISDA, RISDA және ұқсас) салдары ұсынылған:

	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған қаржылық активтердің таза мөлшері	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған қаржылық міндеттемелердің таза мөлшері	Өзара есепке алынуы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмеген байланысты сомалар		Таза сома
			Қаржы құралдары	Алынған ақшалай қамтамасыз ету	
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанда</b>					

**Қаржылық активтер**

Орталық контрагенттің қаржылық активтері	2.877.636.749			(2.877.636.749)	
<b>Жиыны</b>	<b>2.877.636.749</b>			<b>(2.877.636.749)</b>	

**Қаржылық міндеттемелер**

Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері		(2.877.636.749)	2.877.636.749		
<b>Жиыны</b>		<b>(2.877.636.749)</b>	<b>2.877.636.749</b>		

	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған қаржылық активтердің таза мөлшері	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған қаржылық міндеттемелердің таза мөлшері	Өзара есепке алынуы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмеген байланысты сомалар		Таза сома
			Қаржы құралдары	Алынған ақшалай қамтама сыз ету	
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанда</b>					

**Қаржылық активтер**

Орталық контрагенттің қаржылық активтері	11.769.454.576			(11.769.454.576)	
<b>Жиыны</b>	<b>11.769.454.576</b>			<b>(11.769.454.576)</b>	

**Қаржылық міндеттемелер**

Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері		(11.769.454.576)	11.769.454.576		
<b>Жиыны</b>		<b>(11.769.454.576)</b>	<b>11.769.454.576</b>		

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**28. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін талдау**

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзімдері бойынша активтер мен міндеттемелер ұсынылған:

	2023 жылғы 31 желтоқсан			2022 жылғы 31 желтоқсан		
	Бір жылдың ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны	Бір жылдың ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны
Ақшалай қаражат және оның баламалары	185.644.933	–	185.644.933	267.855.303	–	267.855.303
Кредиттік ұйымдардағы қаражат «Кері РЕПО» операциялары	72.029.012	–	72.029.012	161.927	–	161.927
Орталық контрагенттің қаржылық активтері	2.877.636.749	–	2.877.636.749	35.551.435	–	35.551.435
Инвестициялық бағалы қағаздар	66.708.762	–	66.708.762	11.769.454.576	–	11.769.454.576
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	–	21.053	21.053	31.889.236	–	31.889.236
Қауымдастырылған компанияға салынатын инвестициялар	–	107.289	107.289	–	21.053	21.053
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	447.709	–	447.709	–	125.083	125.083
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	1.299	1.299	117.314	–	117.314
Негізгі құралдар	–	2.540.103	2.540.103	–	968	968
Материалдық емес активтер	–	1.638.342	1.638.342	–	1.738.803	1.738.803
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	–	150.890	150.890	–	1.616.142	1.616.142
Берілген аванстар	434.823	–	434.823	–	–	362.007
Басқа активтер	1.055.336	–	1.055.336	362.007	–	815.259
<b>Жиыны</b>	<b>3.203.957.324</b>	<b>4.458.976</b>	<b>3.208.416.300</b>	<b>12.106.207.057</b>	<b>3.502.049</b>	<b>12.109.709.106</b>
Клирингілік қатысушылардың қаражаты	284.189.412	–	284.189.412	312.809.343	–	312.809.343
Орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері	2.877.636.749	–	2.877.636.749	11.769.454.576	–	11.769.454.576
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	76.015	101.595	177.610	–	–	–
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	213.313	–	213.313	15.161	–	15.161
Алынған аванстар	–	365.726	365.726	–	345.302	345.302
Клирингілік қатысушылардың қаражаты	110.840	–	110.840	90.876	–	90.876
Жалдау міндеттемелері	90.696	86.914	177.610	–	–	–
Басқа міндеттемелер	488.726	–	488.726	359.034	–	359.034
<b>Жиыны</b>	<b>3.162.805.352</b>	<b>554.235</b>	<b>3.163.359.587</b>	<b>12.082.728.990</b>	<b>345.302</b>	<b>12.083.074.292</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>41.151.972</b>	<b>3.904.741</b>	<b>45.056.713</b>	<b>23.478.067</b>	<b>3.156.747</b>	<b>26.634.814</b>

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)

**29. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар**

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ХҚЕС (IAS) сәйкес тараптардың бірі басқа тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылау немесе оларға елеулі ықпал ету мүмкіндігі бар тараптар байланысты болып саналады. Тараптар байланысты болып табылады ма екенін шешкен кезде тараптардың құқықтық нысаны ғана емес, олардың қатынастарының мазмұны ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жасала алмайтын мәмілелер жасай алады. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланысты емес тараптар арасындағы мәмілелердің бағасы мен талаптарынан өзгеше болуы мүмкін.

Топ пен басқа байланысты тараптар арасындағы операциялар туралы толық мәліметтер төменде ашылған:

	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>			
	<i>Бас ұйым</i>	<i>Басқа байланысты тараптар</i>	<i>Бас ұйым</i>	<i>Басқа байланысты тараптар</i>
Ақшалай қаражат және оның баламалары	75.917.226		42.177.783	59.689.318
Инвестициялық бағалы қағаздар	45.434.296		31.656.794	–
Берілген аванстар		345.247	–	357.112
Басқа активтер				
Клирингтік қатысушылардың қаражаты			–	–
Алынған аванстар		32.312	–	11.994
Басқа міндеттемелер		30.911.668	–	1.532.313

2023 жылғы 31 желтоқсанда және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға арналған жиынтық табыс туралы есепте байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілген.

	<i>2022 жылғы</i>			
	<i>Бас ұйым</i>	<i>Басқа байланысты тараптар</i>	<i>Бас ұйым</i>	<i>Басқа байланысты тараптар</i>
Комиссиялық кірістер	237.607	434.130	148.699	239.988
Пайыздық кірістер			–	–
Басқа кірістер			–	8.323
Операциялық шығыстар	(27)	(137.045)	(22.668)	(242.784)

Негізгі басқару персоналы мүшелерінің сыйақысы төменде ұсынылған:

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Атқарушы органның мүшелерінің сыйақылары	387.566	211.628
Басқару органың сыйақылары	57.058	52.652
Басқа лауазымды тұлғалар	26.203	18.368
Әлеуметтік салық	39.231	23.257
<b>Жиыны</b>	<b>510.058</b>	<b>305.905</b>

(егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)



### 30. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Биржаның 2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес, 2024 жылы Биржа клирингтік қызметінің орталық контрагент функцияларын «KASE клиринг орталығы» АҚ-на беру бойынша жұмысын жалғастыруда.

2024 жылы Биржаның валюта нарығы мен деривативтер нарығының клиринг қызметтерін Клиринг орталығына беру жоспарлануда.

2024 жылдың қаңтарынан бастап теңге бағамының тұрақты нығаюы байқалды. 2024 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша қазақстандық теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1,7%-ға нығайып, бір АҚШ доллары үшін 446,78 теңгені құрады.

2024 жылдың сәуірінде ҚРҰБ базалық мөлшерлемені жылдық 14,75% деңгейінде бекітті. 2024 жылы базалық мөлшерлеме 100 базистік тармаққа жылдық 15,75%-дан 14,75%-ға дейін төмендетілді, қайта қарау қаңтар және ақпан айларында жүргізілді.

2024 жылдың наурызында жылдық инфляция 9,1%-ға дейін бәсеңдеді. 2024 жылдың ақпан және наурыз айларында жылдық инфляцияның төмендеуі баяу қарқынмен жалғасты. Инфляцияның төмендеуіне қалыпты ақша-несие саясаты және астықтың әлемдік бағасының төмендеуі ықпал етуде.

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстан экономикасы 4,2%-ға өсті. Экономикалық белсенділіктің күшті өсуі барлық салаларда дерлік ішкі және сыртқы сұраныспен қамтамасыз етілген.